

Сіз бақытты болуға лайықсыз!

Жандос Көксу

АЛҒЫ СӨЗ

Осы кітапта сізге қуат беретін, пайдалы жолға салатын, табысты ете алатын Асан Қайғы, Төле би, Махамбет сияқты көне даналардың асыл сөздері келтірілген. Көне қазақтың дүние танымын, асыл сөздердің мән мағынасын түсіндіру біздің басты мақсатымыз болып табылады.

Қазақ халқының мемлекеттік деңгейдегі ұлттық идеясы, идеологиясы жоқ. Қазақстан сияқты басқа іргелі мемлекеттердің барлығында - елдің бас қаһарманы, жастарға үлгі бола алатын ел мен жер үшін ерлік еткен көсемі, қоғамның қай бағытта даму керектігін анықтайтын құжат, кітап, доктрина бар.

Менің мақсатым заманауи тілмен айтсақ ұлттық идея дегенді сан ғасырлық әдебиет пен тарих негізінде қалыптастыру. Бәрімізге ортақ идея, ой, құндылық бар болса алынбайтын қамал, аспайтын тау қалмайды.

Ұлттық батыр, көсем керек!

Дамыған елдердің барлығында мемлекеттің бас батыры, көсемі бар, ел дамуына ерекше үлес қосқан ұлт қаһарманы, патшасы, батыры. Мысалы қырғыздарда Манас батыр, Моңғолияда Шыңғыс хан, Түркияда Ататүрік, Ұлыбританияда Артур патша ал Мажарстанда (Венгрияда) Атилла падишаһы (Атилла дегеніміз Еділ. Каспийге құятын Еділ өзеңі (орысша атауы Волга) бар емес пе, сол жерде дүниеге келген соң батыр өзеңнің атымен аталған. Еуропалықтар оны өз тілінде басқаша естіп, Атилла не Емил деп кеткен) ел қаһарманы, ұлт мақтанышы боп табылады.

Бізге ондай адамды табу қиын! Қаншама батыр, неше түрлі би, сан мың көсем ел есінде сақталған! Мысалы сөз атасы Майқы би, әлемнің екінші ұстазы Әбу Насыр Әл-Фараби, 83 жасына шейін жекпе-жекке шығып жауды мұқатып отырған Қабанбай батыр, жоңғар мен қалмақпен бітіспей соғысып үнемі жеңіп жүрген Еңсегей бойлы Ер Есім, «Жеті жарғыны» құрастыруға жол берген Әз-Тәуке хан, гитлердік әскердің тас талқаның шығарған Бауыржан Момыш-ұлы сияқты батыр мен қаһармандар ұлы қазақ халқының 5000 жылдық тарихында өте көп.

Сонау сақ, ғұн, үйсін, қаңлы, түрік, қыпшақ, оғыз заманнан бері бұл күнге шейін елімізде аз батыр болды дейсіз бе? Аз батыр болды десеңіз мына кең-байтақ жер бізге қалай жетті екен?

Жалғыз бір адамды атамай, көбін, тобын, шоғырын, заманың атайық. Көп елде солай уағдаласқан. Мысалы Англия жерінде ұлт көсемі аты аңызға айналған адам - Артур патша. Бірақ жалғыз Артур өзі ғана жырларда аталмайды, патша аты айтылған жерде оның бас батыры Ланселот (Ланселот сармат болды деп тарихи жазбаларда жырланады, кейбір ғалымдар Артур патша мен оның батырлары түгелдей сармат тайпасынан шыққан деп болжап отыр. Сармат дегеніміз Кіші жүз

жерінен шыққан ел. Біздің батыр бабамыз. Оған дәлел ретінде Артурдың дөңгелек үстелде отырғаның, оның батырларымен кеңесіп жатқаның, эскалибур деген қылыштың сарматтарша жерге қадалғаның келтіреді, қылышты жерге қадап жиналыс, құрылтай жасау көне қазақ салтында бар) те еске алынады. Мерлин деген ақылшысы да ұмытылмайды.

Ұлт батырын, заманың табу үшін статистикаға жүгінейік. Қай заманның батырларының аты көп аталса соларды таңдайық, мысалы көше атауларында. Қазақта құдайға шүкір ірі, заманауи қала мен ауыл көп. Солардың ішінде көрікті, қазақ даласының інжу-маржанындай болып отырған Алматы шаһарының басты көшелерін талдайық. Шаһардың орталығы «Алтын квадрат» деп аталады. Ол Райымбек батыр мен Әл-Фараби даңғылдарының арасында жатқан бай әрі сәнді қалалық аумақ. Сол көшелердің тізімі мынандай:

Райымбек батыр, Тоқмақ, Маметова, Молдағұлова, Мақатаев, Гоголь, Әйтеке би, Алимжанов, Жібек Жолы, Қазыбек би, Төле би, Бөгенбай батыр, Қарасай батыр, Қабанбай батыр, Жамбыл, Шевченко, Құрманғазы, Абай, Сатпаев, Жолдасбеков, Тимирязев, Ганди, Бектұров, Снегин, Әл-Фараби.

Енді осыларды заманына қарай бірнеше топқа бөлейік:

1. Райымбек батыр, Әйтеке би, Жібек Жолы, Қазыбек би, Төле би, Бөгенбай батыр, Қарасай батыр, Қабанбай батыр (осы тізімде өңкей ірі көше мен даңғылдар келтірілген).
2. Гоголь, Шевченко, Тимирязев, Ганди, Снегин.
3. Құрманғазы, Жамбыл, Абай.

4. Маметова, Молдағұлова, Мақатаев, Алимжанов, Сатпаев, Жолдасбеков, Бектұров.

Бірінші топта 8 атау, екінші топта 5, үшінші топта 3 ал төртінші топта 7. Демек Алматы қаласының орталығындағы ең ірі, ерекше сәнді көше атауларының көбі Абылай хан замандастарына сай келеді екен.

Қазақстанның басқа қалаларында да жағдай осыған ұқсас. Ең ірі, ең көркем көше мен даңғылдар осы заманның батырлары мен билеріне тиесілі. Соларды ел ерекше құрметтеп не бір ірі, не бір сәнді, орталықта орналасқан көшелердің атын береді-міс.

Себебі де белгілі емес пе! Қазақ даласын жоңғардан кім азат етті? Қытай әскерің қазақ даласына кіргізбей, ойсырата жеңген кім? Қоқан, ауған, қырғыз, қалмақ, казак, орыс, башқұрт, татар елдерінің әскерің кім жеңіп еліне береке-бірлік сыйлады? Қазіргі Қазақстанның шекарасы да осы Абылай хан заманында, атам қазақ айтқандай «Найзаның ұшымен, білектің күшімен» қалыптасқан.

Демек ұлттық пантеонға Абылай хан замандастарын қоямыз!

Осылар жайлы аздап мағлұмат берейік. Бірақ алдымен қазақтың бағын кім байлап отыр? Неліктен Қазақстан бай әрі қуатты мемлекет бола алмай жатыр? Неге Қазақстан Дубай мен Шанхай сияқты бай бола алмай жатыр? Деген сұрақтарға жауап берейік. Оны айтпай алға жылжи алмаймыз.

Балаларды аяу керек!

Париждің 103 мектебінде баяғыда бірнеше тентек бала оқыған екен. Мұғалім айтса тындамайтын, оқуы да, тәрбиесі де нашар, үнемі кешігіп келетін өңкей бұзықтар. Кейін мектепті бітіріп бірі ірі компанияның директоры, екіншісі цех басшысы, тағы біреуі зауыт қожайыны болып, елге сыйлы, бай, ақылды адамдарға айналыпты. Қалайша?

Біреуін айтайық, оның шың атын атамай Асан Василиевич дей салайық. Асан мектепте жүргенде нашар оқитын адам болған екен, линейкада үнемі сөз естіп тұратын, мұғалімнің вот сендер оқымайсындар, Абай айтқандай жалқаусындар деп жиі сөз еститіндердің ішінде болатын да дәл сол герой.

Кейін мектепті бітіріп, ауылын тастап, подъездегі тесіктерде қалдырған темекінің заначкаларын ұмытып, қалаға, оқу іздеп кетті. Басқалар сияқты университет, институт, академияға ақша таба алмай қалған соң Асан колледжге түсті. Колледжде де ол алғашында ескі әдетін ұмытпай тентек болды, мына жерде де мендей ақкөңілді адам сөз еститін сияқты деп төбелес іздеп, мұғалімді сынап, сабаққа үнемі кешігіп жүрді. Бірақ қанша тырысса да оған аналар айғайлап, көңілін түсіріп, жаман сөз айтқан жоқ. Мысалы кешіксе мұғалім оны не себеппен кешіктін деп сөкпей, ұрыспай, балам отыра ғой дей салатын, ал түсінбей жатса ұстаз оған сан рет ерінбей қайталайтын, бірге оқыған студенттер Асанмен төбелеспейтін, керісінше сен ауылдан келдің ғой, үйінді сағынып жатқан шығарсын, сондықтан, жүр біздің үйге барайық, анам дәмді палау дайындады, соны жейміз деп оны қолдап, қолпаштап, дос санап, қол ұшын беріп отырды.

Асан жылы сөзді естіп, қолдау көріп, оқуды ұялғаннан қолға алды. Алғашында өзі үшін емес, мұғалімді сыйлағаннан оқи бастапты. Бірінші қадамдары қиындау болғанмен кейін іліп әкетіп кетті. Сөйтіп

кеше ғана теңтек болған бала топтың ең үздік студентіне айнала қалды. Жай ғана оқуды жақсы меңгермей, елмен жылы сөйлеуді де біліп, таныды. Жылдар зымырай өте салып Асан колледжді бітіріп зауытта жұмыс тапты. Сол жерде бәрімен жылы сөйлегені үшін оны көбі сыйлап, мақтайтын, жұмысы да колледжде алған ілімі арқасында ірге жүре бастады. Біраз жылдан кейін оны бастықтар байқап алғашында смена бригадирі, сәл кейін смена бастығы ал кейінірек зауыт директорының көмекшісі етіп тағайындады. Сол жылы-ақ ол ауылдағы ата-анасына шаһарда үй алып қалаға көшірді, отбасылы болды, қысқасы ел қатарына қосылды.

Адамды тура жолға салу үшін жылы сөйлеу керек. Оған сын айтпай көмек беріп, арасында мақтап, жағымды қылықтарын көрсетіп жату керек. Атам қазақ айтқандай: «Жақсы сөз жарым ырыс!». Қазақи мектептерде, әдебиет, қазақ тілі мен тарих сабақтарында жастарды жігерлендіретін, қуаттандыратын, жалынды сөздер көп айтылуы керек. Мысалы Қабанбайдың әскер алдында сөйлеген жігерлі сөздері, Төле бидің елге айтқан асыл баталары, сөз атасы Майқы бидің даналыққа толы ойлары.


Біле білсеңіз 8 ғасырда Жетысу мен Сыр бойында күшті Түргеш қағанаты деген мемлекет болған (осы түргештер қытайлықтар мен арабтарды оңай жеңіп отырған қаһармандар). Соның шығарған ақшасын көне заманда Жібек Жолы бойындағы барша ел пайдаланған екен. Осы теңгелер Италияда, Арабияда, Балтық елдерінде, Қытайда, Үндістанда, Ресейде, Иранда, жалпы бүткіл әлем бойынша таралыпты. Сол ақшада не жазылған? «Көктегі Түргеш қағанның ақшасы» деп жазылған! Міне ұлттық патриотизм дегені осы!

Қазір болса қазақи мектепте көбіне мұңлы, қайғылы өлең жиі оқылады. Көбіне өзгені сынау, жамандау бағыты басым. Жаман сөзді көп рет естіп адам бір сәтте-ақ жақсы бола қала ма? Жаман сөз айту, өзгені жамандау, негативті балаларға үйіп салу керемет даналық

болсын делік. Ал ендеше неге ондай сөздер Төле би баталарында жоқ? Махамбет өлеңдерінде неге жоқ? Майқы бидің қанатты сөздерінде неге жоқ? Мына жерді қалдырған батыр мен би ақымақ болмаған шығар?

Меніңше мұңға толы, қазақты жамандауы басым сөздер, негативке толы өлеңдер ел ішіндегі ағайынның еңсесін түсіреді, бағын байлап қояды, ондай адам өзін-өзі өзгеден кем етіп санай бастайды. Оның бойында, психология тілімен айтсақ **кемшілік комплексі** пайда болады.

Осы ретте бір мысал келтірейін. Қазақ әдебиетін керемет білетін Мырзатай Жолдасбеков деген профессор бар. Осы профессор көне ғұндарды, түрікті, сақты, қаңлы мен үйсінді зерттеген ұлы ғалым Лев Гумилевтің алдына барыпты. Сіз біз сияқты аз халықтың тарихын зерттепсіз сол үшін мың мәрте рақмет депті! Сонда ғалым намыстанып, ашуланып, какой малый народ деп сұрапты? Вы о чем? Это казахи что ли? Мырзатай ия деп айтты. Гумилев казахи не малый народ, казахи великий народ деп жауап қайтарыпты. Сан мың ғасырлық тарихимыздан соған дәлел ретінде миллион мысал келтіріп:



Төле би Әлібек-ұлы

17 ғасырда қазақ пен жоңғар арасы тым нашар болған. Көне Шыңғысхан мемлекетің қайта құрамыз деп моңғол тектес тайпалар сонау 14 ғасырдан бастап қазақ жеріне шабуылын үдете берген. Соған үнемі қазақтар тойтарыс беріп отырған. Әлемге әйгілі моңғол шапқыншылығының бірнеше рет қайталанбай қалуына батыр қазақтың ерлігі себепкер. Егер қазақ болмаса моңғол, ойрат, қалмақ тайпалары батыстағы елдерге талай рет ойран салар еді.

Сенбесеңіз 17 ғасырдың басында қазақтан жеңіліп Еділге қашқан қалмақтардың тарихын қараңыз. Олар сол жерде жиналып бүткіл Шығыс Еуропаға жойқын жорықтар жасап отырған. Еділ қалмақтары аз уақыт ішінде ноғайларды жеңді, башқұрттарды ойсырай қиратты, татар еліне жойқын жорықтар жасап отырды. Орыс патшасын өзіне тәуелді етіп (ғылымда бұны вассал дейді) одан оқ-дәрі мен қару-жарақты тегін, на хаяяву, алып отырды. Қырым хандығын жеңді. Ал Қырым хандығы ол кезде Шығыс Еуропадан алым-салық алып отырған іргелі ел болған. Осыны жоңғарлардың бар жоғы 1/4 бөлігі жасады. Ал қазақ болса сол Еділ қалмақтарымен қатар олардан 3 есе көп жоңғарлармен де, олардың ар жағындағы моңғолдармен де (моңғолдар ол заманда өте көп болды) шайқасып отырды. Және оларға тойтарыс беріп, үнемі жеңіп отырған. Мысалы Хақназар хан тұсында басталған жоңғарлармен соғыс шамамен елу жылға созылып Тәуекел хан тұсында қазақтардың үлкен жеңісімен аяқталған. Нәтижесінде қазақ оларға хан боп сайланды. Одан кейін соғыс қайта бастала берген екен.

Осы ретте айта кететін жайт. Шыңғысхан қазақ жерін жаулап алған жоқ. Тарихи оқулықтарда Отырар, Тараз, Сауран сияқты қалаларды моңғол әскері жаулап алды деп айтылады. Және сондықтан бүткіл қазақ моңғолға тәуелді боп қалды дейді. Сәбеттік пен ақ патшаның тарихшыларының жаман бір әдеті бар, ол жоқты бар ету, барды жоқ

ету. Тарихи фактілерді өз бетінше пайдалану. Сыр бойындағы қалалар 13 ғасырда Хорезм хандығына тиесілі болған. Ол жерде тек оңтүстіктегі қазақ мекен еткен (және орта ғасырларда қалада халықтың 1-2 пайызы ғана тұрғаның да еске алу керек). Ал қалғаны, басым бөлігі Дешті Қыпшақ жерінде мекен еткен (Хорезмді жаулап алғаннан бұрын көп қазақ соғыстан қашып, оңтүстіктен солтүстікке көшіп кеткен, «Ақтабан шұбырынды» жылдарындай. Жоңғарлар «Ақтабан шұбырынды» жылдары оңтүстіктегі қала мен даланы жаулап алды, бірақ соған қарап жоңғарлар барша қазақты жаулап алды деу дұрыс па?). Дешті Қыпшақпен Шыңғысхан соғысқан жоқ! Демек қазақты моңғол жаулап алды деген сөздің негізі жоқ.

Рас, қазақтар Жошы ұлысына енді. Қалайша? Шыңғысхан Сыр бойын, қазіргі Өзбекстан, Қырғызстан, Тәжікстан, Түрікменстан жерін жаулап алып Моңғолияға қайтты. Осы жаққа ол кейін келген емес. Сыр бойындағы қалаларға басшы етіп үлкен ұлы Жошыны қойды. Және оған бар жоғы 4000 сарбаз қалдырды (Жошы не оның тұқымы бас көтермес үшін оған аз әскер берді). Жошы Шыңғысханның басқа балалары сияқты қатыгез, қатал болмады (себебі де белгілі емес пе, тарихи деректерге сай ол оның баласы болмапты). Жошы елге қамқор болды, сауда мен өнеркәсіптің дамуына жол берді. Қалалардың гүлденуіне зор күш салған. Елге қиянат жасамай, жергілікті халықпен санасып отырған. Керек десеңіз ислам дінің де қабылдаған (Жошының баласы Берке исламды мемлекеттік дін етті). Оған дәлел жоқ емес бар. Жошы мазары қандай дін қағидаларына сай етіп жасалған? Будисттік пе? Христиандық па? Манихейлік пе? Жоқ! Ол мұсылман мазары! Демек сол жерде жерленген адам қандай дінде болды?

Жошы мазарында, оған бағынышты рулардың таңбалары бар белгілер ханмен бірге жерленіпті. Ол жерде өңкей қазақ руларының таңбалары ғана бар екен. Моңғол тайпаларының таңбалары жоқ.

Жошы тірлік етуді жөн көрген пысық адам болған. Әуелі өз ордасын Сыр бойынан Ұлытауға, қазір Жошы мазары орналасқан жерге ауыстырды (мазар соның дәлелі). Және сол жақтағы қазақты өз жағына тарту үшін күнде жиналыс, күнде аңға шығу, күнде тойлап жатуды жөн көрді. Ол заманда да, бұл заманда да қазақ даласында ұлан ғайыр той жасау ел ішіндегі керекті адамдарды жинау, олармен тілдесу үшін жасалады. Тарихи деректерде Жошы күнде той жасап, аң аулап жатыр деген дерек бар. Сөйтіп Орталық Қазақстан, кейін қалған жер Жошы ұлысына өз бетімен еңіп кетті. Ру басылары Жошының ақылдығына тәнті болып, елге сыйлы тірлік жасап жатқаның ескеріп батыр мен билер, рубасылары Жошыны ақ кигізге көтеріп хан етті.

Жошы қазақты жаулап алды, қырып салды деген сөздің негізі жоқ. 4000 әскермен кімді қыра аласыз? Осыншама аз күш қай руға жете қалады? Есесіне Жошы ұлысындағы көшпелі рулардың мәртебесі ерекше жоғары болған. Олар орыс пен қытай сияқты салық төлемеді. Көптеген соғыстарда қалын әскерді басқарып жатты. Анау Мысыр жеріне шейін жеткен найманның Кетбұғасы сияқты. Ел басқарған Майқы би сияқтылар да аз болған жоқ (Алтың Орда заманында ел басқарған батырлар мен билердің барлығы дерлік халық арасынан шыққан. Мысалы Қобыланды, Қамбар, Ер-Сайын сияқтылары). Қазақ даласы Моңғол империясына құл болып кірген емес. Тіпті мемлекет атауы да өзгермеген. Мысалы Шыңғысхан заманында жазылған «Моңғолдардың құпия шежіресі» кітабінде Жошы баласы Бату Қыпшақ ханы деп аталады. Тіпті бірнеше ғасырдан кейін де мемлекеттің Дешті Қыпшақ деген ресми атауы қолданыла берді. Мысалы 16 ғасырда өмір сүрген қазақтың Қасымы «Тарихи Рашиди» кітабінде Дешті Қыпшақ ханы делінеді. Ал Сәбет Одағы тарихшылары көптеп қолданыла беретін Татаро-Монгольское иго, Золотая орда, Алтың Орда, Көк орда сияқты атаулар болмаған екен. Сол заманға сай қазақтың жырларында да Алтың орда, моңғолдық өкімет, татаро-монгольское иго деген сөздерді, атына сай тірлікті біз кездестірмейміз. Мысалы «Қобыланды батыр», «Қамбар батыр», «Ер Қосай», «Ер тарғын» сияқты жырларында ондай сөздер жоқ.

Және тағы бір айта кететін жайт. Сәбеттік тарихшылар Алтын Ордада ханның билігі мықты болды, бүткіл ел соның аузына қарап отырды деп жазатын. Ал батырлық жырларды оқысаңыз хан елдің айтқанына көніп, батырлардың айтқаның жасап отырған екен. Мысалы «Қамбар батыр» жырында хан Қамбарға қалмақтан мені қорғашы, маған қамқор болшы, жаудан мені қорғасан жалғыз қызымды берем деп жалынған, жалбарынған екен. Ханды еуропалық патшамен не арабтың шахымен шатастырмаңыз. Қазақ даласында абсолюттік монархия болмаған.

Бізге көршілес елдердің көне тарихи туындыларында да ондай атаулар кездеспейді. Осы сөздерді қазақты кемсіту үшін ойдан шығарған. Яғни моңғолдар келіп жергілікті қыпшақтарды бағындырып, моңғолдандырып кетіпті, қазақ, татар, башқұрт, ноғай, қырым татарлары солардың ұрпағы дегендей. Ал шың мәнінде Жошымен тек 4 мың меркіт келген екен. Солардың ұрпағы ханға төлеңгіт боп, жеке ауыл болып тұрып еңбек етті.

Ел ішіндегі рулық басқару жүйесі сол қалпында қалды, қазақтың би мен батырларының орның моңғол сардарлары алып қоймады. Моңғолдардың Дешті Қыпшақ жеріне келуін Қытай не Иранды жаулап алумен шатастырмаңдар.

Қазақ жеріне моңғолдар келіп, елді жаулап алып, халықты моңғолдандырды деген сөз күлкілі емес пе! Егер моңғолдар қазақ жеріне көптеп келіп, жергілікті елді бағындырып қойды десек, онда сол моңғолдан тараған рулар қайда? Моңғолдан қалған өзен мен көл аттары қайда? Моңғолша атала бастаған таулар қайда? Тарихи деректерге сай Шыңғысхан әскері қазіргі Өзбекістан мен Ауғанстан жеріндегі ірі шаһарларда қалған. Солардың ұрпағы әлі күнге шейін бар. Мысалы ауған жерінде саны бірнеше миллион, моңғолдық бөржігін, барлас сияқты рулардан тараған хазарейлік ел бар.

Оған қоса Жетісу мен Шу, Талас жеріндегі қалалар да өз бетімен Моңғол империясына кірген емес пе. Демек қазіргі Қазақстан жерінде моңғолдардың соғысып жаулап алған жері шамалы. Сәбеттік кезеңдегі тарихи оқулықтарда, моңғолдар қазақ жерін жаулап алып, елді моңғолдандырды деген сөздің жалған екенің, шыңдыққа сай келмейтінің, осы күнде генетиктер дәлелдеп қойған. Генетикамен таласпайтын шығармыз? Генетикаға сай қазақ сақ пен ғұнның ұрпағы.

Моңғол шапқыншылығын өз көзімен көрген Осман Джүздани деген тарихшы «Жошы әкесін сынап отырып, әкем Шыңғысхан елді босқа қырып жатыр» деп жазған екен. Жошы Дешті-Қыпшақ жеріне ордасын ауыстырғаннан кейін өз әкесінің бұйрықтарын орындамай қойды. Мысалы батыстағы, Қара теңіз бойындағы қыпшақтарды жаулап ал, орыс пен шеркесті бағындыр деген бұйрығын орындамады.

Шыңғысхан бұйрығын орындамау өлімге тең қылмыс. Не себептен Жошы бұндайға барды? Өзін өзі өлімге итермелейтін ақымақ болмаған шығар? Керісінше Жошы Шыңғысханның ең бір талантты, ең бір ақылды, қаншама жорықтарда жеңіске жеткен, қаншама халықты соғыспай біріктірген дана баласы болды ғой. «Ақсақ құлан» жырында Шыңғысхан Жошы деген ұлым бар деп талай рет мақтанып айта берген емес пе. Жошы қалын қыпшақ руларын біріктіріп күшті мемлекет құрды. Бұнысы моңғол мемлекетіне қауіп төндіруі мүмкін болғандықтан Шыңғысхан Жошыны өлтіргісі келді. Себебі күшті Дешті-Қыпшақ Моңғол империясын қыра салуы мүмкін ғой. Солай болды да. Жошы мен Шыңғысхан дүниеден озғаннан кейін, Жошы баласы Бату хан Моңғол империясын бағындырып, ол жерге өзіне лайықты ханды отырғызып, ойына келгенің жасап билік айтып отырған. Бату хан Моңғолия империясының төре тұқымын аямай қырып, оларға тиесілі жер мен байлықты өзіне тартып алды.

Моңғолия империясының ханы Күйік Батуға қарсы шығамын деп бүткіл империядан қалын әскер жинады (1248 жылы). Шыңғысханның

барша батырлары, барша әскері оның қолында. Бату болса қыпшақтарды ғана жинап оған қарсы шықты. Қарсы шыға алу үшін, оның әскері Моңғолияның әскерінен кем болмауы керек қой? Әйтпесе, Шыңғысханның өзге тұқымы сияқты, Моңғол империясының ханына қарсы шықпай, айтқанына көніп жатар еді. Бірақ шайқас болмай, Күйік жол бойында қайтыс болыпты. Оның достары, Бату күшті хан, оған қарсы шықпа деп айтқан екен, содан қорқып ауырып қалды. Яғни бүткіл Моңғол империясының күші Дешті Қыпшаққа жете алмаған. Қыпшақ күшіне сеніп Бату хан Күйік қағанды қалай тындамаса, Жошы хан да солай өз әкесін Шыңғысханды тындамаған сияқты.

Демек моңғолдар қазақты емес, қазақтар моңғолды бағындырып қойған екен!

Моңғол империясы ішінде алауыздық көп болған соң Жошы ұлысының ханы Мәңгі-Темір 1269 жылы Талас өзеңі бойында үлкен құрылтай жасайды. Сол жерде Моңғол империясы бұдан былай бір мемлекет емес, Дешті-Қыпшақтағы Жошы ұлысы бір бөлек, Орта Азиядағы Шағатай ұлысы бір бөлек, Моңғолия жеріндегі Құбылай ұлысы бір бөлек деген келісімге келеді. Моңғол империясының күні осымен аяқталады. Бір ғасыр жасап Моңғолия жерінде билікті халха моңғолдардан ойраттар тартып алады да, батысқа бағытталған жорықтарды қайта бастайды. Бақандай 4 ғасырға созылған жоңғар мен қалмақ шапқыншылығы осылай пайда болады.

Сондай шайқастардың бірінде жоңғарлар тұтқиылдан шабуыл жасап қазақтың 63 адамың тұтқынға түсіріпті. Соларды елге қайтару үшін жоңғар ханына қазақ елшілілігі барды. Көп ақсақал, би, шешен арасында жас Төле де бар. Қатыгез, ашушаң, тәкәппар Галдан хан алдына барған қазақ елшілері тұтқындарды босат деп оған айта алмай біраз телміріп қалыпты. Сонда 15 жастағы Төке ханнан сөз сұрады. Хан сөйле деп рұқсат берді. Төле дәлелмен сөйлеп қазақтың бар адамдарын еліне аман-есен қайтарып алыпты. Төле сөйлегенде жоңғар

ханы бәріне иә құлдық деп келісе берген. Қазақтар кеткен сон Галдан уәзірі ханнан сұрапты, қалайша баланың айтқанына көніп бәрін босата салдыңыз деп. Тым болмаса құн алмадыңызба? Сонда әлі де болса қорқып отырған хан ана бала сөйлегенде қасымда арыстан пайда болыпты. Ол маған қаһарланып отырған соң баланың айтқанын екі етпей орындай салдым деді. «Шер кітабі қолында, өзі ақтың (құдайдың) жолында» дегені осы.

Осы ретте айта кететін жайт. Ол кездегі қазақ көсемдері намысшыл, ержүрек, батыл болған. Қазаққа мынандай алып жер қалай жетті дейсіз? Елге күн туғанда үйде отырмай бәрі ерлік жасап жауды мұқатып отырған. Көтеріліс болғанда, шайқас болғанда үйде отыратын ерлерді жұрт жақтырмайтын.

Жоңғар ханы Қазыбек биден сенің неше балаң бар деп сұрапты? Сонда Қазыбек би менің 1,5 жарым балам бар деген. Оған таң қалған хан қателеспесем сенің 5 балаң бар емес пе, бір жарымы дегені қалай деп сұрады. Сонда Қазыбек би былай айтқан:

«Менің елге ие болатын ұлым біреу-ақ, аты — Бекболат, соны бүтінге есептедім. Ал мал мен қатынға ғана ие болатын төртеуін есепке алып жүргенім жоқ. Олар — жарты бала.»

«Моя хата скраю» деп бәріміз жүрсек, бәріміз сол крайда, последний орында боламыз. «Жұмыла көтерген жүк жеңіл болады» дегендей біз ел боп тірлік етуіміз керек, әрекет жасауымыз қажет. Құр сөйлеп игілікке жете алмаймыз, тірлік етуіміз шарт, «Көп сөз боқ сөз» деп бабаларымыз бекер айтпаған.

Шайқасқа, ереуілге қатыспаған ұлдарын Қазыбек би балам деп санамаған! Өзінің туған балалары болса да! «Қоянды қамыс өлтіреді, ерді намыс өлтіреді» дегені осы.

1740 жылы жоңғар қонтайшысы Қалдан Серен қалын қолмен қазақты шабамын деп елімізге аттанды. Сонда Қарабек батыр жаумен шайқасатын шамамыз жоқ, жауға беріле салайық деген екен. Оған Төле би былай жауап қайтарды:

«Атадан ұл туса игі,

Өзі біліп тұрса игі.

Ата жолын құса игі.

Жаудан бұққан немені,

Өзіне келер ұятын,

Ортасынан құса игі!»

Деп айтып оны жиналыстан қуып шықты. Және жауды өз елімізден құғанша соғысамыз деп жұрт ол жерде уағдаласты. Солай болған да. Қазақ елін түгелдей жаудан азат еткенше жоңғармен соғыс жалғасып жатты.

Осыдан байқайтынымыз Төле би ержүрек, батыл болған. Ойындағы ақылын жасырмай, жаудан қаймықпай жүрген қайсар адам.

Оның тағы бір қасиеті ел жанашыры, ұлтжанды болуында. Көне жырларға сенсек ол көп елге пана болған көсем. Ақтабан шұбырынды жылдарында Ұлы жүздің көп руларын өз маңында топтастырды, үйсіз жүргендерге үй беріп, кәсіпсіз жүргендерге жұмыс тауып. Көне жырларда Төкені іздеп бір бала келеді екен. Одан ата мені балалыққа ал деп. Қазақ атан кім деп сұрайды емес пе, сөйтіп сұрағанда атым жоқ, жетіммін деп бала жауап қайтарды. Сонда киімі алба-жұлба

болған баланы Төке өз қамқорлығына алып, оған түйе баққызып, ұл етіп атын Сабалақ деп қойды. Сол бала кейін аты алты алашқа мәлім Абылай хан бола қалды.

Көп жырларда айтылғандай Төке өзіне қастандық жасаған, оны өлтіргісі келгендерге мейірімді бола алды. Мысалы бір қарақшылар түзде оны ұстап алып тонап, енді өлтіргісі келді. Төке болса мен сендерге ақы төлейін деген. Ол үйде алтын бар соны әкелу үшін хат жазайын деді. Төке үйдегі келінге жасырын сөзі бар хат жазады. Оның сырын түсінген ақылды келіні үлкен жасақ жіберіп Төкені азат етеді. Сонда оның өзін бағана ғана өлтіргісі келген қарақшыларды өлтіре сала алатын Төле би бұзақыларды кешіріп, тура жолға салу үшін жұмыс беріпті. Кәсіп үйретіпті. Олар тентек, қарақшы болудан қалып ел қатарына қосылды. Төле би өзі бастаған елге сыйлы бола алды. Қамқор болды. Оған дәлел ретінде Абылай ханды атауға болады. Бала кезінде ол Төкенің түйесін бақты, есейіп ерлік жасап, хан болды. Хан болған сон оның биге деген сыйластығы жойылмады. Оған жорықтардан сый ретінде не бір сәнді, не бір жүйрік аттарды жіберіп отырды, онымен санасуды ұмытпай, айтқан сөзін жерде тастамай.

Әрбір қазақ бақытты болуы керек, бабалардың дана сөздеріне тоқталса, бола алады да.

Тоғыз жасар Жетес балаға берген батасы

Бір үйдің баласы болма,
Көп үйдің санасы бол!
Бір елдің атасы болма,
Бар елдің данасы бол!
Бір тонның жағасы болма,
Көп қолдың ағасы бол!
Ақты ақ деп бағала,
Қараны қара деп қарала.
Өзегін талса, өзен бойын жағала.

Басына іс түссе көпшілікті сағала.
Өзіңе-өзін кәміл бол.
Халқына әділ бол,
Жауына қатал бол,
Досыңа адал бол!
Әумин!

Қазыбек биге берген батасы

Атасызға ата бол!
Батасызға бата бол!
Арып-ашқан қаріптің,
Жел жағына жота бол!
Панасызға пана бол!
Кек сақтамас бала бол!
Дос сүйініп, қас сыйлар,
Асу бермес дана бол!
Төле би бата беріп жаяды қолын,
Қалидай нұрлы болсын оң мен солың,
Рүстем дастанындай мәшһүр болып,
Қарағым, қайда барсан, жолың болсын!

Әумин!

Төке баталарында мұңға, қайғыға берілудің ізі де жоқ. Қазақты жамандайтын мұңлы сөздер, қайғы мен сынға толы жаман ойлар ел басынан құт-берекені ұшырды. Кешегі батыр қазақты бақытсыз, әлсіз, өз жерінде, өз елінде кредитке белшеден батқан квартирант етті. Жастарды трагедия мен драмаға икемді етті. Өзін өзге елдерден кем санайтын халықтың бойында психология заңдарына сай түзу жерде сүрінуге, жоқ жерде жығылуға ұмтылу үрдісі пайда болады. Және бұндай үрдіс (комплекс) көбіне күшті жастардың бойында туындайды, жас кезінен капитан болған балаларда, бала кезінен топты жарған балақайларда. Неге? Себебі көсем болған адамдардың көбінде намыс

дегені өзгеден артық болады, айтпаса да елім деген сезімі зор болады, ал қазаққа қатысты жаман сөзді естіген сайын олардың еңсесі біртіндеп түседі, халыққа игілік жасаймын деген ниеті бұзылып, бойындағы елді дамытуға, елді көркейтуге арналған өзгеден артық күш, өзгеден артық энергия мен ақыл, пайдалы затқа жұмсалмай қалған соң, оларды іштен ірітеді, іштен бүлдіреді (найзағай көбіне биік ағашқа тиеді).

Негізі «Іргелі ел болғын келсе бесігінді түзе» дегендей жастарға Майқы би, Асан Қайғы, Төле би сияқты ғұламалардың даналық пен позитивке толы сөздерін көптеп оқыту керек. Жас, сәби кезінен. Басқа елдің идеологиясын бойына сіңіргенге дейін. Бақытты ұрпақ өсіремін деген ел позитивті, оң ойлау керек. Қазақ арасында сонау сақ пен ғұн заманынан бері оң ойлау, көңілді жүру дәстүрі бар. Сенбесеңіз тарих атасы Геродот сияқты көне гректердің еңбектерің оқыңыз. Олар бабаларымызды сан рет мақтайтын, сақтар - адал, білімді, ақкөңілді, ержүрек, батыл болған деп.

Қазақты жамандау, одан бір сорлы, бір құбыжық сияқты адам ету сонау Екатерина (Екатерина Ресей тағынан патшаны тайдырып, билікті өз қолына алып орысты аямай қанаған, қырған ханшайым) жарлықтарынан бастау алатын жаман дәстүр (негізі, қазақ жат елдердің идеологиясынан көп зардап шекті. Мысалы социализмге 70 жыл бойы сеніп, көп уақытын босқа өткізді).

Соны кітап пен оқулықтардан тиятын кез келді. Әлемнің не бір керемет игіліктеріне жететін күн туды. Қазақтың бақытты бола алатын кезі келді. Мұңлы боп жүруді ұмытып, ислам қағидаларына сай көңілді боп жүріп, көркем мінезге ие болып, құдайдың рақымына бөленейік. Бұқар жырау айтқандай: «Қазағым - батырым, бауырым, арманым!».

Реңіштен қалай құтыла аламыз?

2000 жылдарда әлемде ең танымал репер Eminem болған екен. Оның әндері Қазақстанның әрбір радио станциясында, барлық телевизиялық каналда күніне талай рет шырқалған. Былайша айтсақ клиптері сол заманда хит болған. Оған қоса Eminem жайлы неше түрлі репортаж мен фильм түсіріліп телевизордан соларды анда-санда көрсетіп жататын.

Сонда менің байқағаным оның өлеңдері агрессия, драма мен трагедияға толы екен. Eminem бала кезінде анасына қапалы болып, кедей жерде тұрып өмірге өкпелі бола қалыпты. Осыған арнап бірнеше клип те түсірген. Он жыл өтсе де, жиырма жыл өтсе де репер анасын жамандауды қоймаған.

Бұнысы дұрыс па? Өкінішке орай осындай, талай жылға созылған реңіш, күйініш көп адамда, жоқ емес бар. Бес жыл бұрын, он жыл бұрын, кейбірі жиырма не тіпті елу жыл бұрын болған реңішті есте сақтап отырады екен. Осыдан кейін көп жыл бойы адам мұң мен қайғыға тап болуы мүмкін.

Содан қалай арылуға болады?

Ең алдымен оның себебін жою керек. Мысалы сізді қыз алдаса, басқасымен танысып көріңіз. Тәуірін, жақсысын таңдап онымен сөйлесіп, танысып көріңіз. Бәрі бірдей емес қой! Жаңа дос ескі жараны ұмыттыруға септігін тигізе алады. Негізі адам ойында сан рет қайталанып, көп жыл бойы еске алынып тұратын реңіш жаман болады. Себебі соның салдарынан адам сан рет бір қатені жасай береді. Тайғақ жерде сан рет жығылғандай өз уақытын босқа уайым мен қайғыға жұмсайды. Ондай шепті бұзу үшін өзгеріс керек. Санасындағы, басындағы өзгеріс.

Негативті ойға бір позитивті ойды сәйкес қойып реңіштен құтылуға болады. Мысалы сізді сатып кеткен досыңыз, алдап кеткен қызыңыз не соған ұқсас бір негативті ой еске түскенде, мұңға батпай, оны қазбаламай, лезде басқа позитивті ойды еске алыңыз. Не болмаса бір жақсы адам жайлы ойлауға. Сонда адам санасында, біртіндеп, ана негативті ой позитивті оймен алмасады.

Маған оқырман, біреуге ақыл айту оңай демесін деген ниетпен өз өмірімнен бір мысал келтірейін. Баяғыда бізге әкедей ақыл айтқан, тура жол сілтеген ақкөңілді ағай бар болған. Ол қаншама адамға көмек бергенің бір құдай біледі. Біреуге пәтер берді, біреуге ұлық болғанда үй салу үшін жер берді, оқу гранттарын үлестірді, кедейлерге арнап жылу жинады. Көкеден жақсылық көрген адам саны аз емес көп, өте көп. Ақ конвертке долларды толтырып қаншама ақын мен жазушыға хат жіберген десеңші? Қаншасының кітабін шығарды? Онда есеп жоқ, оны есептеп отырған адам да жоқ.

Кейін бір күнде батыр мерт болды деген суық хабарды естідік. Қалай өлді? Өліміне не себеп болғаны әлі күнге шейін белгісіз. Біраз күн қайғырдық, кейбіріміз жыладық, тағы біреуі кек аламын деп ашуланып та, кектеніп те жүрді. Бір-екі айдай жүрегімізде бір сызат пайда болғандай дағдырып, көп күнімізді мұңға толтырып өткіздік. Бір қызығы анандай қалын конверт алмасақ та, ағадан ақша не басқа пәлендей игілік көрмесек те, сол күндерде оның сөзін біз сияқты кедей ғана сөйлеп отырды екен...

Кейін бір күні досымыздың жатақханадағы тар бөлмесінде он шақты адам боп жиналды. Солардың ішінде мен де бар едім. Біреу ілулі тұрған домбыраны көріп құлағын ұзақ отырып бұра бастады. Кейін бір екі рет шерте салды. Сәлден соң қоңыр дауыспен өлең шырқай кетті. Неше түрлі күй шертті. Не бір жыр, біз білмейтін не бір дастан айтты. Басқаларымыздың бойымызда айта алатын сөзіміз жоқ болған соң көбіміз оны көпке шейін үнсіз, күйсіз тыңдап отырдық.

Содан кейін мен жиналған достарыма, серіктеріме, жігіттер былай мұңайып отыру бізге жарамас, адам өлсе оның артындағы тірлігі қалады, соны еске алайық деп айттым. «Бар табылар, жоқ кетер, Есен қолға мал бітер» дегендей. Сөйтіп айтқан соң жиналған жұрт көкеміз маған былай айтты. Анау жазушыға мынандай сыйлық берді, қарт ақынға пәтер берді деп көкемізді көкке көтере беріпті. Сөйтсек марқұмның жақсы істері біз ойлағаннан да мол болыпты. Біреуге жер беріпті, біреуге пәтер сыйлапты. Тағы біреулерге өз қалтасынан зор көмек берген. Қазір талай жыл өткен соң ол сияқты ғазиз адамдарды мен еске алсам ең алдымен олардың халыққа істеген тірлігін есіме аламын. Сөйтіп тұманды, бұлыңғыр күндердің өзінде, есігі темір іші тастай қараңғы жерде болған кезде де жүрегімде жылу пайда болады.

Батыр көкеміз арамызда тағы талай жыл жүрсе екен, өлдің заман демей, оның пәк, таза болған жүрегін еске аламыз, күлімсіреп отырғаның, ойындағысын қорықпай, жасырмай тіке айтқанына сүйсініп жатамыз. Сөйтіп қайғырудың орнына қуанамыз!

Көкеміз қараңғы аспанда жарқ етіп аққан жұлдыз сияқты осы күнге дейін ел есінде, ол ешқашан ұмытылмайды, оның ерлігін біз жырламасақ та бізден кейінгілер батырды еске алып ұран қылар...

Кешегі батыр бабамыз сияқты күшті болғымыз келсек, солар сияқты бай әрі бақытты боламыз десек солар сияқты оң, позитивті ойлауымыз керек, солардың сөздерін жаттап оқуымыз керек, бабалар сияқты тірлік етуіміз қажет. Басқа елдің жолымен жүріп көрдік, бірақ ол жол мұң мен қайғыға толы адасу жолы екен, елді кедей еткен жаман жол. Біз батыр халықтың ұпағымыз, демек барар жолымыз, істеуге тиіс тірлігіміз біреу-ақ...

Қабанбай батыр

Осы жыл Қабанбайға ауыр тиді, қатты науқастанып хал үстінде жатып қалды. Басқаларына ауру тимесе де оған қатты батты. Әне-міне бауырым Дәулетбай келеді деп есік жаққа жиі қарап, телміріп жатыр. Қабеке ауырып жатыр дегенді естіген соң атқа жас балаша қонып алыс жерден жасы тоқсаннан асқан, батырмен бірге жүздеген шайқасқа қатысқан Бұқар жырау іздеп келді. Дәулетбайды шақырып келіндер деп ұлы Жырау адам жіберді. Біраздан соң сағынған бауыры келіп Қабанбай разы бола қалды.

Батырдың хал үстінде жатқаның естіген қалмақтың Әтекесі кегімді аламын деп қалын күш жинап, қазақ жаққа келіп қойыпты. Үйдегілер сыбырлап қалын әскердің келе жатқаның айтып, не істерін білмей қалыпты. Сонда өзі ауру, өзі әлсіреп жатқан Қабанбай сендер не жасырып отырсындар деп айтты. Жаудың келіп қалғаның естіген батыр былай құдайға жарбарынды:

«- Құдай-ау, маған дем салшы,

Қубас атқа ер салшы.

Ұлы сәскеде алушы ең,

Күн батқанша кең салшы.

Арасанға ат айтшы,

Қорасанға қой айтшы,

Әлсіреп кеткен денемді,

Күн батқанша қатайтшы.

Арасанға ат айтты,

Қорасанға қой айтты.

Талықсып жатқан Қабанның,

Денесін Тәңірім қатайтты.»

Айтқан дұғасын құдай қабыл етіп денесін қатайтты. Бір өзі жау әскерін жайратып, жалғыз өзі елін қорғап, әлсіреп қалып жота басына жата қалды. Сондағы елге айтқан өсиеті:

«- Менен ақыл сұрадың,

Жүрегімді бұрадың.

Жеткізбесе амал не,

Тірліктегі мұрадың.

Дұшпаныныңа жеңіліп,

Шыбын жаннан түңіліп,

Қайратың кетіп бойыңнан,

Азамат қаны төгіліп,

Күшің кетіп қолыңнан,

Қан жұтсаң қабырған сөгіліп,

Жерінді жауға тапталпа,

Еріксіз көнсең беріліп!».

Осы сөзді айтып батыр дүниеден озды, «Қабанбай батыр» жыры осылай аяқталады. Бар өмірін елді қорғаумен, болашақ ұрпақ үшін соғысып өткізген Қабанбай батыр соңғы күнің де ел мен жерді қорғаумен өткізді. Батырлық дегеніміз осы, патриотизм дегені осы. Қазақ Қабаңбай батыр өткен 18 ғасырдан кейін дым өзгермеді, ел арасында жерім деген, халқым деген батыр көп. 1916 жылы қаншама миллион қазақ көтеріліске шықты? Желтоқсандықтардың айтуынша 1986 жылы кем дегенде 100 мыңдай қазақ Алматы қаласының төріне жиналып митинг жасаған екен. Тек халыққа жол сілтейтін көсемдер ғана аз, аз болуының себебі оқыған адамдардың көбі мұң мен қайғыға икемді болып жүруінде. Зиялы қауымның бір болмайтын мыжындық сөзге сеніп отыруында, соны даналық деп есептеп адасып жатқанында...

Көне қазақ көңілді боп жүрген, мұңға берілмеген. Мысалы залымдар Жаяу Мұсаның атын тартып алса да, өзі қудаланып жүрсе де, қиын жағдайға тап болса да ақын мұңға берілмей «Ақ сиса, қызыл сиса, сиса, сиса, Жарасар камзол сұлу, белін қисса...» деп әндетіп жүріпті.

Сондықтан қазағым көне батырлар сияқты өзіне сен, Төле би айтқандай өзіне қәміл бол. Біздің керемет болашағымыз әлі алда. Біздің жеңістеріміз көп болады. Ел бай әрі бақытты бола алады. Бар өмірі молшылық пен дәулетке толы болады. Сол заман қашан орнайды? Құранда, егер құдай бір затты қаласа ол бол деп айтса салады делінген. Сондықтан егер сен қазағым бақытты болғын келсе, бай болғын келсе, дамыған елдердің қатарына қосылғын келсе, бол деп айта сал...

Сен НЕО (жаңа батыр) болуға лайықсың!

Шамамен жиырма жыл бұрын «Матрица» деген керемет фильм шығыпты. Фильмдегі роботтар адамның жүйке жүйесіндегі тоқты пайдалану үшін бүткіл адамзатты өзіне құл етіпті. Адамзат фильмде шың өмір сүрмей, бір елес, қиял әлемде тірлік етеді екен. Және сол өмірді «Матрица» деп атайды. Яғни екі әлем бар. Бірі шың өмір екіншісі қиял, зұлымдар құрастырған фантазия. Осы фантазияны адамның күш жігерін басу үшін, адамзатты өзіне қажетті тірлікке жұмсау үшін зұлымдар пайдаланады.

Егер адам «Матрицаның» жалған, оның оған пайдасы жоқ екенің ұқса содан лезде азат бола алады, ел қатарына қосыла салады. Тура жолға, құдай қалаған дара жолға түседі.

Америка жерінде Гетто деген кедей аудандар бар. Осы геттода көбіне афро-американдықтар тұрады. Ақ нәсілділер, азиялықтар геттода тұрмайды. Неге? Афро-америкалықтарға ақтар талай ғасырлар бойы сен негр жалқаусын, ақымақсын, ата-бабан жабайы болған деп кемсітіп отыратын. Намысына тиетін сөздер айтып жататын. Соның салдарынан қара нәсілділерде кемшілік комплексі пайда болыпты. Олар өздерін ақтардан кем санай бастапты. Құлдық баяғыда жойылса да атам қазақ айтқандай «Ауру кетсе де әдет кетпейді», демек олардың ойында кемшілік комплексі әлі де жойылып кетпеген. Қажы Малькольм Икс айтқандай «Ол түрме біздің басымызда».

Жүз жыл бұрын Германия жерінде Гитлер орыс алқаш, жалқау ал неміске тең келетін халық жоқ, біз ерекше күшті арийлер (сақтардың бабасы) ұрпағымыз депті. Ал қазір Германияда біреу осылай айтса, оны түрмеге қамай салады. Ондай адамды олар есуас деп санайды. Еуропада бір халықты жалқау деп ал екіншісін мақтау нацизмнің, ұлтшылдықтың белгісі. Заңмен қудаланатын қылмыс боп табылады.

Қазақ жаман халық па? Егер жаман болса, біздің аталарымызды сталиндік репрессия кезінде елімізге келген шешен, қарашай, күрд, неміс, поляк сияқты ұлттардың перзенттері неге мақтайды? Тәуелсіздік алған жылдары Германияға, Шешенстанға кетіп неге бізді жамандамайды? Жамандамау түгіл бұл күнге шейін мақтап отыр, қазақты сағынып жатыр, кейбірі ол жақтан қайтып та жатыр.

Адамның тірлігінде ұлттан гөрі мемлекеттік идеология мен тәрбиенің рөлі артық. Қазір Азия елдерінің біразында еуропа культі бар, еуропалық дәстүрге өту бар, дінге кету бар. Мысалы қытайлық Брюс Ли, Джеки Чан сияқты аттар бәрімізге таныс. Оңтүстік Кореяда да осыған ұқсас дәстүр бар, балаға ана тілінде ат қоймай ағылшынша, французша ат беру. Ол ол ма, Шығыс Азия елдерінде талай ғасыр бойы ата бабалары сенген діннен безіп христиандыққа кету де бар. Баяғыда отарлық дәуірде қолданатын әдіс ол ең әуелі елді тілінен айыру, одан кейін дінінен кетіру және сонында еуропалықтармен араластыра салу. Дәл осы әдіспен 16 ғасырда 60 миллиондай Америка үндістерін бар жоғы 2-3 миллионға жетер-жетпес халқы бар Испания мен Португалия асап тастады. Қазір сіз Америкада аңтектерді, чероки, апачи сияқты ұлттарды көре алмайсыз. Бізге бауырлас, кезінде ұлы хандық құрған ноғай мен қырым татарларының саны да қазір шамалы...

Мен қазақ арасында «матрица» бар деп айтқан едім. Енді оның не екенін ашып айтайын. Ақ патшадан бастау алатын бір жаман дәстүр бар. Ол әдеби туындыларда қазақты надан, қорқақ, білімсіз етіп сипаттау. Не үшін? Елдің еңсесін түсіру үшін, жастардың намысына тию үшін, елдің біріге алмайтындай, қарсылық көрсете алмайтындай халге жеткізу үшін. Сенбесеңіз бірнеше мысал келтірейін.

Мысалы Шәкәрім Құдайберді-ұлының «Тағы сорлы қазақ» өлеңі бар:

«Салынған қала жоқ,

Оқытқан бала жоқ,

Қалалық жері жоқ,

Еңбектің тері жоқ...»

Мына өлең барлық әдеби оқулықтарда бар. Мектеп бағдарламасына еңген туынды. Бір қызығы, оның шындыққа сай келе ме, балаларға әсері қандай болады деп ешбір адам ойламайды екен. Қазақ момын әрі аңқау болған соң ақ-қарасын көбіне ажыратып жүрмейді.

«Салынған қала жоқ депті!» Ал Түркістан, Шымкент, Сайран қалаларын кім салды? Голландықтар ма? Әлде белгиялықтар ма? «Оқытқан бала жоқ дейді.» Біле білсеңіз 19 ғасырда әрбір қазақ молдалардың арқасында сауатты болған. Халықтың 80-90 пайызы жазу, оқу, сызуды білген. Шәкәрімнің өзі жазу мен сызуды сондай молдадан үйренген екен. «Қалалық жері жоқ дейді.» 19 ғасырда Қазақстан халқының 90 пайызы қазақ болған. Демек қалаларда көбіне қазақ тұрған. Мысалы Шәкәрім мен Абай болған Семейдегі үйлердің көбі ол кезде қазаққа тиесілі еді. Сіз Семейге барсаңыз көне үйлердің барлығы дерлік анандай байдың, мынандай молда не бидің үйі болып шығады. «Еңбектің тері жоқ» дейді. Осыған жауапты Бейімбет Майлиннің туындыларынан іздеп көріңіз. Яғни Шәкәрімнің өлеңі шындыққа сай келмейді.

Тағы бір мысал. Қазақстанда миллиондаған адамға таныс «Көшпенділер» романында қазақтың Хақназар ханы моғолстандық Әбдірашит ханнан алдымен қаймығып, қорқып, кейін оның бауырына тиісіп, сонында оның қолынан мерт болады екен. Бұнысы шындыққа сай келе ме? Әбдірашит хан 1559 жылы дүниеден озды, Хақназар хан болса 1580 жылы қайтыс болды. Сонда, айтынызшы, қалайша 1559 жылы қайтыс болған адам жиырма жылдан кейін, 1580 жылы Хақназарды өлтіре алған? Осы жерде кемшілік комплексі айқын

көрініп тұр. Біздің Хақназар хан әлсіз етіп сипатталады да, бөтен, моғолстандық Әбдірашит хан керемет күшті етіп мадақталады. Абайдың қазақ жалқау ал орысқа тең келетін халық жоқ дегендей. Ал шың мәнінде Хақназар ханның басқарып отырған жері, елінің саны, әскері, ыдырау кезеңің басынан кешіп отырған Моғолстаннан бірнеше есе көп еді. Хақназар заманындағы ұлы хан болды. Хақназар ханнан Бұқар, Қазан, Ноғай хандықтары тәуелді болды. Оған ақы төлеп отырды. Иван Грозныйдың елшісі Чебуков айтқандай: «Мы думали Акназар хан сильный, а он оказывается еще сильнее!».

«Көшпенділер» романында Шығай хан да бір сұмырай болып сүреттеледі. Және Шығай мен Хақназар бірін-бірі білмеген, танымаған деп жазылады. Ал шың мәнінде екеуі біріне бірі бауыр болған. Жәнібек ханның Әдік деген ұлынан Шығай ал Қасым деген ұлынан Хақназар тарайды. Және тарихи деректерге сай екеуі неше түрлі жорықтарға бірге қатысыпты. Мысалы Хақназар ханның ноғайларға жасаған жорығына Шығай қатысқан. Және осы Шығайды сипаттағанда да кемшілік комплексі көрініп тұр. Кітапта қазақтың Шығай ханы өзбектің Абдаллах ханына кіріптар болып суреттелген. Яғни біздің хан нашар әрі қорқақ екен, ал өзбектің ханы күшті әрі керемет еді дегендей. Шыңдығына келсек Абдаллах Шығайды құрметпен қарсы алыпты, оған көп сыйлық беріп, құрмет көрсетіп. Және Шығайдың қазақ хандығына ие болуы да заңды. Жасы жағынан да, ерлігі мен атағы жағынан да хандыққа деген кезек 1580 жылы батыр Шығайға тиесілі болған.

Қазақтарға, мектепте, өкінішке орай осындай, шыңдыққа сай келмейтін, елдің намысына тиетін өлең мен кітаптерді көптеп оқытады екен. Мұн мен қайғыға толы өлеңдерді тәй-тәй басқан балаларға үйіп салады. Қазақты бір бишара, надан, нашар адам етіп сипаттайтын өлең мен кітаптар аз емес. Соны балалар жас кезінде оқып, жаттап, соған кәміл сеніп, күш жігерінен айрылады, мұңға бейім болады, бұнысы «матрица». Қазақ 20 ғасырға дейін күшті ел болды. Тек мұн мен қайғыны әдебиетте 19-20 ғасырда көбейтіп күшті елдердің тізімінен

шығып кетіпті. 20 ғасырда қазақ көсемдері мұңға толы өлең мен кітап оқыған соң бірігуді ұмытты, ерлік етуді қойды. Мұңға толы өлеңдерді көп оқыған соң елдің өмірі де мұңлы, мүшкіл бола қалыпты. Осы ретте айта кететін жайт, күреске зиялы қауымы ғана икемсіз болып қалыпты, баяғы Майқы би, Төле би, Бұқар жырау, Махамбет сияқты бола алмай, бабалардың асыл жолын, дара жолын ескермей. Ел болса сан рет көтеріліс жасап, сан рет өзі жаумен соғысыпты. Қазақ елі күн туса арыстан ғой, жолбарыс қой! Кешегі сақ пен ғұннан еш кем емес. Демек қазақ қайта күшті болу үшін көне би, батыр, жырау, шешеннің асыл сөздерін еске алу керек. Басқа жол тиімсіз, ол жолмен жүріп талай уақытымызды босқа кетірдік, талай ғазиз жаннан айрылды. Басқа елдер бұндай тірлікті баяғыда қолға алған. Мысалы Қырғыздарда Манас батыр, Моңғолияда Шыңғыс хан, Венгрияда Аттила ұлт мақтанышы. Батыр мен билердің айтқан сөзі өнеге, үлгі. Сана түзу болса тура жолды табу қиын емес!

«Матрица» фильмде Неоға таңдау беріпті, сізге де сондай таңдау бар:

Қазақ батыр



Қазақ жалқау



Асан Қайғы Сәбит-ұлы

Асан қазақ халқының өзге даналары сияқты оң, позитивті ойлап, ел үшін аянбай тірлік еткен. Сонау көне тәңіршілдік одан кейін орын тепкен исламда жақсы сөз сөйлеу, көркем мінезге ие болу парыз. Асан да сондай болған. Оған дәлел ретінде мына өлеңді келтіруге болады:

«Еділ бол да, Жайық бол,

Ешкімменен ұрыспа.

Жолдасына жау тисе,

Жаныңды аяп тұрыспа.

Ердің құны болса да,

Алдына келіп қалған соң,

Қол қусырып барған соң,

Аса кеш те қоя бер,

Бұрынғыны қуыспа.

Ақың болса біреуде,

Айыбын тап та ала бер.

Ерегісіп ұрыспа!

Сенікі жөн болса да,
Алтын шықпас дұрысқа.
Өзіне біреу тимесе,
Кейін қарай жылыста.
Мінезі жаман адамға,
Енді қайтып жуыспа,
Тәуір көрген кісімен,
Жалған айтып суыспа.
Өлетұған тай үшін,
Көшетұғын сай үшін,
Желке терің құрысып,
Әркімменен ұрыспа.
Жөнге баспай тырысып,
Орынсыз жерде жем болма.
Ашу-дұшпан, артынан,
Түсіп кетсең қайтесін,

Түбі терең қуысқа!»

Осы өлеңді талдайық. Бірінші жолында «Еділ бол да, Жайық бол,» делінген. Еділ қандай өзен? Жайық қандай өзен? Екеуі де ірі, екеуі де алып, сабырлы, суы мол өзендер. Сіз де сондай алып, мол, сабырлы болыңыз дегендей. Елге пайдалы бола алыңыз дегендей.

«Ешкімменен ұрыспа» деп айтыпты. Еуропалық кітаптарды оқыған қазақтың кейбір жазушы мен ақындары өзгені айыптайды, елді жамандайды. Бұнысы тәңіршілдік (тәңіршілдік діннен гөрі философияға жақын) пен ислам қағидалары бойынша дұрыс емес. Ауылдағы көнекөз апалар балаларды көрсе қалтасындағы құртын, кәмпитін беретін. Ол болмаса ей құлыным, жасын ұзақ болсын, мерейін үстем болсын, жолын сәтті болсын деп жылы сөз айтатын. Үнемі күлімсіреп жүретін, позитивті болатын. Сондай апаларды көріп жүрегін жылынып бар күшінді салып мектепте жақсы оқисын, үйдегі қара жұмысты ерінбей істейсін. Саған айтылған позитивті сөз сені қуаттып, саған заряд береді. Ал қаладағы подъезд алдындағы кейбір апалар, қазақи дәстүрді ұмытып елді жамандап отырады, өзгеге тиісіп жатады, өсектеп отырады. Бұнысы дұрыс па?

«Жолдасына жау тисе, Жаныңды аяп тұрыспа.» деп айтылған. Қазақ осыны ұмытпаған ел. Мен гранат жарылған, оқ атылған жерлерде болғанда, маған қазақтың талай ағасы қамқор болды, көбі қорғап қалуға даяр тұрған. Тіпті көбін мен білмесем де! Өлеңнің қалған жолдарын оқып, мағынасын өз бетімен талдап көріңіз. Негізі осы бір өлеңде ел болам деген жастарға керекті ақыл бар. Асан бір өлеңмен бүткіл қазақи болмысымызды сипаттап берді!

Қазақ қандай ақын мен жырауды есінде сақтап отыр? Елдің мұн-мұқтажын жоқтаған, жаумен күресуді ұмытпаған, хан-сұлтандарға ақыл айтқан, Асан Қайғы сияқты кемеңгер ақындар ғана. Қалғаның ел ұмыта салды...

Бөгенбай батыр

Тарихи жырларға сай Бөгенбай арғын елінде би, имам, тақуа адам болған. Жоңғар шапқыншылығы басталған соң ғана қолына қару алып атқа қонды. Демек Бөгенбай діншіл болды, ислам қағидаларына сай жаумен соғысу, оны жеңу мұсылманға парыз. Мұсылман кәпірлермен болған шайқастан қашса ол айыбы зор күнә деп есептелінеді. Бұнысы кешірілмейтін күнә боп табылады.

Мұхаммед пайғамбар достары мен сахабалары арасында, ел ішінде қандай ақкөңілді, қаншама мейірімді болса да өмірінің 23 жылын жаулармен соғысып өткізіпті. Қалың әскерді басқарып, ел мазасын алып отырған, халықты қанаған «перғауындармен», диктаторлармен күресті. Оларды тақтан құлатты. Сондықтан көне кездегі қазақ даласындағы ислам ғұламалардың барлығы үйінде отырмай жаумен аянбай соғысты. Солардың бірі, әрі бірегейі Бөгенбай батыр.

Бөгенбай Абылай хан заманындағы батырлардың ішінде жасы жағынан үлкені болған сияқты. Өйткені көп жырларда, мысалы Қабанбай батыр жырында қарт Бөгенбай деп атайды.

Батыр жастарға қамқор болған, оған дәлел «Бөгенбай батыр» жырында жау жағы көрінгенде ол қасындағыларға сендер тұра тұрындар мен өзім барып көрейін деп 400 жуық қалмақ сарбазын жалғыз өзі жайратты. Осы 400 қалмақтан бір үйір жылқы қалды. Кілең жүйрік, тұлпар. Соларды өз руы мен өзге рулардың батырларына бөліп берді. Олар оған разы болып рақметін айтты. Демек Бөгенбай жомарт та болған.

Бөгенбайдың тағы бір керемет тұсы, батыр барша шайқастарға қатыса беретіндігінде. Ел шетін жау шапса бірінші боп көмекке келетін. Мысалы «Қабанбай батыр» жырында қалмақ найман руының бір

тайпасын шауыпты. Соған Қабанбай батыр намыстанып алты алаштан қалын әскер жинаған. Ол жерге қарт Бөгенбай батыр да келген екен. Жырға сай ол кезде Қабанбайдың жасы 82 де болған. Бөгенбайдың жасы одан да көп болған. Бірақ соған қарамастан екеуі де атқа қонып, жау жағындағы жас батырлармен жекпе-жекке шығып, шайқасып, жау әскерін жеңіп елге зор жеңіспен қайтты.

Ел үшін, жер үшін күресу дегеніміз осы. Батыр, молда болсаң осындай бол. Осы заманның кейбір молдалары парақорларды, елге айуандық істеген басшыларды қолдап отыр, мақтап жатыр. Істеген қателігін бетке көрсетудің орнына соларға арнап тілек тілеп отыр. Бұнысы екі жүзділік боп табылады. Құдай ондай мұнафиқтарды тозақ отынына салады.

Көне замандағы тақуа, молда, иман, мүфти, қажы дегендердің барлығы ел үшін күресті. Барлығы ел үшін тірлік етті. Бұқар жырау, Төле би, Балпық би, Қазыбек би, Домалақ ана, Байдібек би, Бекет ата, Ескелді би сияқты көне заманның даналарының барлығы кезінде мұсылманша хат танып, Қарнақ, Самарқан, Бұқар сияқты жерлерде ислами университеттерді бітіріпті. Және барлығы анау-мынау емес, хан сұлтандарға ел мен халықтың мұн-мұқтажық жеткізіп тұрды. Керек десе хандардың ханы Абылайға тіке қарап «Сен түйе бақтың, сондағы атын Сабалақ еді» деп сын айтудан да қаймықпаған.

Оң ойлап, құдайдан қолдау алып мына заманның қызығын көріп өмір сүр қазағым. Біз жаспыз, біздің жеңістеріміз әлі алда! Аспандағы жұлдыздар кеште су бетін, жарқ-жұрқ етіп неше түрлі сәнді түске бояйды. Біздің өміріміз де, жақсы ой ойлап, пайдалы сөз айтып, ерінбей тірлік етсек, сондай керемет түстерге бояла алады.

Қазақ арақты неге көп ішкен?

Сәбет Одағы заманында арақты көп ішетіндерге 20 ғасырдың 30-40 жылдарынан кейін дүниеге келген жандарды жатқызуға болады. Оған дейін дүниеге келгендер арақты онша көп ішпейтін. Мысалы Дінмұхамед Қонаев (1911 жылы туылған) жайлы шалдар жиі айтатын, той не жиналыс болса ол онша көп сөйлемей, арақты көп ішпей тыныш отыратын деп. Марқұм Димекен сондай ақылды, сондай мейірімді, жаман сөз айту түгіл ойламайтын ғазиз жан болған деп қосып.

Ал одан кейінгі ұрпақ арақты көп іше бастады, темекіні бұрқыратып. Кейбір үйге кіргенде іші тұман сияқты темекіге толы болатын. Тәуелсіздікке қол жеткізген соң арақ ішу, темекі тарту лезде азайды. Қазіргі жастар арақты онша жақтырмайды. Неліктен? Не себеппен?

Өйткені мемлекеттік тоталитарлық жүйе жойылды. Қазақты жамандайтын, оның намысына тиетін сөз азайды, қазақты масқаралап отыратын жазушылар тілін қысты. Баяғыдағыдай мынандай би феодал болды, мынандай батыр елге ойран салды деп айта алмай қалды. Айтса тұқымы басын жарады. Жастар білмейді, бірақ сәбеттік заманда талай батыр, хан, би көп рет сынға ұшырап, жазушылар тарапынан жамандалып отырған.

Қазақ әдебиетіндегі елімізге айтылған сын көбіне объективті емес болып тұр, ақиқатқа сай болмай жатыр. Сәбеттік заманда жазылған көп романдар керемет бір игілік боп көрінгенмен, классика деп Қазақстанда жиі айтылғанмен, арасында тәуірлерін есептемесек, қазір олардың көбін жастар онша көп оқымайды. Көбі елге пайдасы тимеген соң қажет болмай қалған мақұлатура. Былшылдау, оттау, бос сөз.

Қазіргі тарих пен әдебиетте шындыққа сай келмейтін сөздер көп. Мысалы Еуропа мен Америкадағы (және Әлемдегі) тарихшылардың

пайымдауынша арабтар Орта Азияға келіп жергілікті халыққа білім мен ғылымды үйретті. Ал шың мәнінде Арал маңында туылған алгебра атасы Әл-Хорезми Бағдатқа барып халиф пен оның ғалымдарына үнді сандарын (қазіргі қолданылыстағы сандарды) үйретіпті, бір ғасыр салып Отырарда дүниеге келген Әл-Фараби халифатқа жетіп Аристотель, Платон мен Сократты оқудың жолын түсіндіріпті, сол үшін Екінші Ұстаз деген атқа ие болады, тағы бір ғасыр салып Орта Азиядан Ибн Сина шығып араб пен парсыға медицинаның қыр сырын үйретті, тағы біраз уақыттан кейін Бируни... Қысқасы ислам мәдениетіндегі үлкен ғұламалардың көбі Орта Азиядан шыққан түріктер екен. Яғни түрік арабқа ұстаз болды. Ондай білім түркі елдеріне қайдан келді? Түрік қағанаттары заманында, Жібек Жолы бар болған уақытта Орта Азия жерінде мыңдаған ірі шаһар, жүздеген білім мен ғылым ордалары бар болған екен. Соларды қазір археологтар біртіндеп тауып жатыр. Тарихты түркіні құрметтеп, шыңдыққа сай етіп жазу керек, қазақты сүйіп оқулық жазу керек.

Қазақтың намысына тиетің сөз көп айтылған соң елдегі талай жігіт пен қыздың мысы басылды, намысы тапталды, бағы байланды. Қанатың біреу жерге шегелеп қойғандай. Сондықтан елімді сүйем деген адам жас балаларға пайдалы ойлардан құралған Төле бидің баталарын, Асан-Қайғының өлеңдерін оқыту керек. Жас баланың санасы, бос құмыра сияқты, боқ құйсаңыз сасып тұрады, гүл ексеңіз жұпар иісі алыстан аңқып тұрады, сіздің көңіліңізді көтере алатындай сәнді гүлдей құлпырып тұрады. Балаға жас кезінен шың даналардың, айтқан сөзі істеген тірлігіне сай бабалардың ақылын басына құйып отырса бала да солар сияқты өмірде жеңімпаз болады. Оң, позитивті ой адамды тура жолға сала алады. Жеңімпаз, бай етеді.

Неше түрлі ой жиналып жол сияқты ұзын, тау секілді биік, теңіздей терең кітапке айналады. Әрбір сөздің түбінде ғылымға негізделген ақиқат, шыңдық, терең ой жату керек. Далада айтылған сөз далада қалады. Ақылға сүйеніп жазу керек. Ашуланып, кектеніп айтылған сөздің қадірі болмайды. «Ашу дұшпан» деп қариялар бекер айтпайды.

Баяғы сәбеттік заманда Алматы қаласының Бағанашыл деген ықшам ауданында күрделі ауруы бар балаларға арналған мамандырылған аурухана салынған екен. Сол заманнан қала халқы өсіп, ел көбейгендіктен ескі ғимаратқа қосымша етіп әкімат жанынан жаңасын салды. Екеуі біріне-бірі ұқсас. Адамның екі көзі сияқты біріне-бірі жақын орналасқан. Біреуі ескі, екіншісі жаңа. Жаңасын салғандардың қатарында мен де болдым. Ойлап қалмаңыз, кітап жазған соң мен ол жерде архитектор, инженер болды деп, олай емес. Мен ол жерде бетон құйдым, кірпіш қаладым, кафель төседім. Қысқасы нағыз ауылдықтар жұмыс істейтін жер - стройкада еңбек еттім.

Күн сайын жұмысқа келіп оң жақтағы жаңа аурухананың тірлігімен айналасып отырған соң амалсыз анда-санда сол жаққа да қарай саласын. Ал ол жерде, әрбір палата бөлек бір бөлме. Әрбір палатада ауру бала мен оны күтетін ана бар. Сондай бір баланы мен білетін едім. Қалай таныстық дейсіз? Оның добы біз жаққа кетіп қалғанда өзім төбеден түсіп допты бала жаққа лақтыра салған едім, бала артынан анасы келіп маған рақмет айтты. Жұмыс жақта бала мені көрсе терезеден қолын бір сермеп қояды, шың көңілмен қуана салады.

Кейде далада жаңбыр жауып, жөнді жұмыс істей алмай бөлмеден далаға ұзақ қарап отыратын едік. Сонда ана ауруханадағы балалар терезеден далаға телміріп қарап отырғаның анда-санда байқап қаламыз. Аналар мен науқас балаларға қарағанда, далада құйған жаңбыр далада емес, палата төрінде құйып тұрғандай көрінетін.

Сол науқас, ауру балалардың далаға шығамын, достармен доп ойнаймын, күні бойы күліп жүремін, өмірдің қызығың көремін деген талпынысың түсіну қиын емес болғанмен, сау ақынның, сау жазушының өз бетімен мұңлы бола қалғаның, жастарды теледидардан жамандап отырғаның, өңкей негативті елге үйіп отырғаның түсіну қиын.

Абылай хан – соңғы төре

Абылай ханның тарихы ерлікпен басталады, жоңғардың бас батырын, әскер басын шайқаста жеңіп. Ал оған дейін «Ақтабанды шұбырынды» жылдары 11 жастағы Абылай Қоқан жаққа құлдыққа сатылуға жіберілген. Сол жолда тұтқын болған біраз қазақ бар екен. Жау жағы тұтқынды аяуды біле ме? Тындамаған, қарсылық көрсеткен адамды аямай ұрып, қыз ба, ата ма деп қарамай соғатын. Сонда бала Абылай «Жыламандар, бөрік астында қотыр көрінбейді ғой» деп өзге тұтқындарды жұбатып, демеп, көңілін көтеріп отырған. Оң, позитивті ойлап тірлік еткен.

Осыған қарап даңқты ханның мінезінің бірнеше ерекшеліктерін байқай аламыз. Біріншіден ол оптимист болды. Өзі тұтқын бола жүріп, өзі жарақат алып, ата-анасынан айрылып жатса да елге ақыл айтты, жұртты жұбатты. Екінші қасиеті жаудан қорықпауы. Үшіншіден өзгеге жанашыр бола алуы, халқын сүйгені. Сол екен-ақ біраз уақыттан батыр жау қолынан қашып елге оралды. Осы жерде бір ойды айтайық. Егер Абылай әрекет етудің орнына жылап жатса, еңіресе, неге мені құдай жазалады деп қайғырып отырса не болар? Онда баланы жау әскері Қоқанға жеткізіп құлдыққа сата салар еді. Ол жақтан құтылу қиын. Ал батыр болса әрекет етті, ширақ қозғалып тірлік жасады. Және әрекет ету үшін мұңға, қайғыға батпады. Енсесін түсірмеді. Сен де қазақ еңсенді түсірме, жігерленіп, қайраттан. Әрекет етпей бай, бақытты ел бола алмайсын.

Абылай хан мен жалпы қазақ тарихы жайлы көп мағлұмат біркелкі, кейде бұрмаланып оқылады. Жыр мен дастандағы мағлұматты жөнді түсіндірмей. Мысалы Абылай хан Орынборға барып қолына Құран ұстап Ресейге адалмыз деген ант берді, ақ патшаға құрмет көрсетті дейді. Осы ретте айта кететін жайт. Ол кезде қазақ хандарын, сұлтандарын, батыр мен билерің Ресей өкіметі не бір сәнді мата, қымбат шапан, алтың түймелі тоң, сәйгүлік ат, алтың қылыш беріп

қызықтырып жататын. Орынборға шақырса дастарханды жайып, қазы-қарта, қымыз, семіз ет беріп әке-көке деп күтетін. Хан мен батыр түгіл олардың атқосшыларына шейін не бір қымбат зат сыйлап. Ол жерге қазақ тойға барғандай баратын. Арасында сіздің жеріңіз арқылы сауда керуенің Самарқан мен Бұқарға жіберуге бола ма? Осынша ақы төлесек жете ме? Деп рұқсат сұрап отыратын. Жолда ол керуенді қазақтың жабайы, өр-мінез батырлары тоңап кетсе соны бізге қайтара аласыз ба? Деп телміріп, жалынып сұрайтын. Яғни бодан болмаған. Оған «Абылай хан» жырындағы Төле бидің ақ патша жандаралына айтқан мынандай сөзі дәлел:

«Не қалмаққа ту көтересің (соғысасын),

Не біз сізден бөлінеміз»

Осы жерден бағынышты адамның сөзі көріне ме? Есесіне қазақтың жырларында Екатеринаны және Ресейдің басқа әйел ел билеушілерің қатын патша дейді. Сәбет заманында орысша оқыған қазақтың доктор мен профессорлары «қатын патша» дегенді «женщина царица» не «женщина царевна» деп орысшаға аударып салады. Ол сөздің астарлы мағынасын, сырын түсінбей қалып. Ал біз сияқты ауылдан шыққандар «қатын» деген сөзінің қандай мағынада қолданылып жатқаның бірден түсінеміз.

Төре тұқымы арасында әлемдік деңгейдегі күшті мемлекетті басқарып отырған хан аз болған жоқ. Мысалы Жошы хан, Өзбек хан, Жәнібек хан, Әбілқайыр хан, Орманбет хан, Қасым хан, Хақназар хан, Есім хан және басқалары. Солардың соңғысы Абылай. Абылай әлемдік деңгейдегі мемлекетті басқарған, жаһандық деңгейге жеткен соңғы төре. Қазақ қашан батыр болды? Қазақ қашан бай болды? Қазақ қашан бақытты болды? Батырлық рұхы сақталған әдебиет бар болғанда, жырау мен ақын ел көсемдеріне халықтың мұн мен мұқтажын қорықпай айта алған заманда, ел көсемдері ұрпақ үшін ерлік еткенде.

Абылай хан заманындағы халық сияқты күшті болғын келсе, солар сияқты оң, позитивті қазақтың ауыз әдебиетін оқы. Майқы би, Асан Қайғы, Төле би сияқты алыптардың баталарын жатта, өлеңдерін оқы, айтқан сөздерін жадында сақта. «Өлі разы болмай тірі байымас» дегендей әруақтарды есте сақтап тірлік ететін заман келген сияқты. Атамыз батыр болса біз де батыр болайық! Өмір бір рет қана беріледі, менің әкемнің құрдастары болмайтын сәбеттік идеологияға сеніп көп өмірін босқа өткізді, біз де болмайтын идеологияға сеніп өмірімізді босқа өткізіп қоймайық.

Кеңес Одағы құлағаннан кейін, қазақтың мыңдаған жазушы мен ақыны неше мың мұнға толы кітап жазып бюджет есебінен басыпты. Арасында мектеп оқулықтарына еңген классиктер де бар. Бірақ қаншама мың кітап басылса да, біреуі де бестселлер, хит бола алмады. Сондай жазушыдан бір журналист сұрапты, ағай не себеппен сіздің кітаптарыңыз дүкенде сатыла алмай жатыр? Не себептен ел оны оқымай жүр? Жазушы ағамыз Абайша бар күнәні елге жаба салды, білесін ғой жастар қазір кітап оқымайды деп. Бірақ олай емес қой! Жастар кітапті көп оқиды. Жыл сайын неше миллион кітап Қазақстанда сатылып жатыр. Оның себебі неде? Эстрадада қандай өлең хит болып жатыр? Көңілді, позитивті өлең елге танымал болып жатыр. Ал кинотеатрда қандай фильм көп рет көріледі? Өңкей комедия. Демек елге мұн мен қайғыға толы кітап керек емес, елге оң, позитивті кітап керек, елге пайдаға жарата алатын оқулықтар керек.

Абылай заманында қазақ Қытайды, Ресейді, Жоңғар хандығын, Еділ қалмақтарың, ауғанды, Қоқанды, Хиуаны ойсырата жеңіп отырды. Яғни Шыңғысхан бабасы соғысқан елдердің көбімен Абылай да соғысыпты. Осы ретте айта кететін жайт. Шыңғысхан ыдырап жатқан Қытай мен Ресеймен соғысса Абылай кемеліне жеткен Қытай мен Ресеймен соғысыпты. Осыған қарап біздің ханымыз тұсында еліміз қандай күшті болды десеңші. Бүткіл әлем елдері бізге жабылса да жеңе алмаған!

Еуропа әдебиеті христиандық сипатта

Егер сіз Уиллиам Шекспирді оқысаңыз оның әрбір туындысы трагедия мен драмаға толы болатының білетін шығарсыз. Мысалы Ромео деген жігіт сұлу Джульеттаға ғашық болады, сұлу қызбен өмір бақи бірге болғысы келеді. Бірақ болмайтын себеппен екеуі түбінде мерт болады. Гамлет ханзада бола тұрып, ақылды адам болып ол да ерте өледі. Дездемона пәк, таза болса да оны ақымақ күйеуі қызғанып қылқындырады. Лир патшасы да мұратына жете алмай қайтыс болады. Қысқасы бәрі арманына жете алмай, кедергіге тап болып, жайнаған гүлді адам қалай жұлса, тағдыр оларды да солай жұлып мерт қылады.

Жалғыз Шекспир ғана емес. Мұқағали Мақатаев көп оқыған, қызыққан, түбінде қазақ тіліне аударған Данте де мұңлы кітап жазуға әуес болған. Еуропаның басқа мұңлы авторларын атап айту да қиын емес. Осы ретте, не себеппен олар соншама мұңлы болды? Бұған қандай себеп бар?

Бұны түсіну үшін, алдымен, қоғамда қалыптасқан дәстүр, заң, тәртіп орта әдебиетке әсер етеді дегенді мойындау керек. Әдебиет бір ақын айтқандай өмірдің, қоғамның айнасы. Шамамен екі мың жыл бойы Еуропаның басты идеологиясы христиандық дін болып тұр. Ол жақтың әрбір ауылында, әрбір адамға лық толы қаласында шіркеу бар. Шіркеулердің барлығында Иса пайғамбардың крестке ілініп тұрған бейнесі бар. Иса пайғамбар еуропалықтардың басты адамы. Тіпті көбі сол кресті өз мойнына өмір бойы іліп жүреді екен.

Ал сол крестке шегелеп қойылған Иса пайғамбар нендей мағына береді? Қандай мағынамен ел арасында танымал? Христиан дініне сай көне заманда Иса пайғамбар болыпты. Иса өзін барша әлемнің әміршісі – құдайдың баласымын деп жиі айтатын. Барша елге өз уағызын таратып қарамағына елді жинай бастаған. Палестинаның әміршісі, римдік Понтий Пилат бұны естіп маған Исаны ұстап алып

келіндер деп сарбаздарына әмір етті. Олар Исаны ұстап алып тергеді. Айтқан жауабына разы болмай Исаны Пилат жазалады. Сен өзін әлем әміршісінің баласымын депсін, ендеше міне саған тәж деп тікенектен қалпақ жасап оның басына ілді. Кейін арқасына ауыр бөрене артып ауылдың барша көшелері арқылы Исаны өткізді. Міне сендер сенген әміршілерін осы деп елге мазақ қылды. Содан кейін бөренелерден крест жасап Исаның қол мен аяғын соған аямай шегелеп қойды. Иса пайғамбар қатты азапталып, күнге күйіп, денесі қан боп өліпті.

Келесі күні Исаны құдай тірілтіп көкке ұшырыпты деген қауесет ел арасында тарады. Осыны орыс әдебиетінде «Через терний к звездам» дейді. Терний деген Иса пайғамбардың басына ілінген тікенек. Звезды дегені көктегі жұлдыздар, бір игілік. Құдай-әке (Христиандарда құдай-әке ол Исаның әкесі, басты құдай, құдай-ана ол анасы және құдай-бала бар, ол Исаның өзі) Исаның қатты қайғырғаны үшін, көп азаптанғаны үшін адамзаттың барша күнәлерін кешіріпті. Ақыр заманды кейінге қалдырып.

Осы ой христиандық діннің кіндігі, орталығы, негізгі көшесі, басты аксиомасы болып табылады. Оларда адам қайғырса, азаптанса оның жаны, тәні тазарады делінген. Христиан дінінде екі түрлі жол бар. Бірі құдай жолына түсу. Яғни өмірдің барша игілігінен бас тартып шіркеуде қызмет ету керек. Үйленбеу, бала тумау, отбасылы болмау. Мысалы Ватиканда 70-90 жасқа келсе де қыздың бетін бір рет те сүймеген аталар бар. Оларға бұны шіреу ережелері тиым салады. Екінші жол мирской деп аталады, яғни кәдімгі адамдар сияқты өмір сүру.

Христиандықта азаптану, қайғыру діни рәсімнің бір бөлігі боп табылады. Сондықтан Еуропа әдебиетінде мұң мен қайғы көп. Мұң мен қайғы христиан дініне сай адамды тазартады дегендіктен. Оны білмеген біздің жазушылар қазақ әдебиетіне соларға еріп мұң мен қайғыны үйіп салды. Еуропалықтар құдай жолымен жүріп мұңлы болса, сенің, қазақтың не ақын бар? Сен неге мұңға толы өлең

шығарасын? Маған сенбесеңіз Библия, Еванглия деген кітаптар бар емес пе. Соларды оқып, христиан жолындағы адам қайғырып тазарады деген сөздерді таба аласыз.

Ницше айтқандай:

«Христиане сказали - Мир уродлив,

И мир стал уродливым!»

Исламда мұңға берілу жоқ. Исламда адам қаншама азаптанса да бұнысы құдай жолындағы керемет игілік боп таңылмайды. Құранда адам өмірдің рахатын көру керек, күлімсіреп жүру керек, көбею керек, өмірден ләззат алу керек делінген. Қызға жақындама деу түгіл төрт қатын алу да рұқсат. Исламда игі іс істеу сауап боп табылады. Тірлік ету сауап боп табылады. Исламда мұңлы болу парыз емес, көркем мінезге ие болу, көңілді боп жүру парыз, осы заманның игіліктерін көру парыз. Сенбесеңіз «Құдай! Бізге осы дүниеде де жақсылық бер әрі ақыретте де жақсылық бер» деп Бақара сүресінде жазылған.

Осы ретте айта кететін жайт. Еуропалық әдебиетке еліктеп, үйінде отырып кітап, роман, өлең жазған ақын мен жазушылардың айтқан сөзінен гөрі көне замандағы батырдың, бидің айтқан сөзін, істеген тірлігін ел боп дәріптеуіміз, мақтан етуіміз керек. Өйткені олардың сөзімен қатар істеген тірлігі, яғни сені, қазақты, сүйетінің дәлелі бар. Атам қазақ айтқандай - «Өлі разы болмай тірі байымас».

Баяғы ақын менің елім, менің жерім деп жастарды жинап, жауды жеңіп, елге игілік әперіп отырған. Ал қазіргі ақын бір мұңға толы ойдан арыла алмай жатыр. Көне ақын менің елім десе, қазіргісі мен дегеннен арта алмай қалды. Және ең бастысы әрекет етуден, тірлік етуден қалды. Неге? Өйткені мұң мен қайғы ақын мен жазушының ойын, ой өрісін, қолын кісен сияқты байлап қояды.

Сау адамның тамағын жеп, аурудың сөзін айтпа дегендей, біз мұң мен қайғыға толы өлеңдерді мектеп оқулықтарында көп оқытпайық. Балалардың басын негативке толтырмайық.

Еуропада мұңға берілу діни рәсім болып тұр, христиан дініне сай. Оның аты да бар. Пост. Пост безбрачия, яғни қатын алмау, пост молчания яки бір күнә жасасаңыз сол үшін судағы балық сияқты бірнеше күн, ай не тіпті бірнеше жыл бойы мылқау боп жүруіңіз керек. Самоличевание яғни адам зор күнә жасаса ол өзін өзі ұрады, соғады, қолын, аяғын не арқасын пышақпен тілеп тастайды. Неге? Өйткені Иисус Христос те кезінде дарға асылған ғой, ол қатты азаптанған ғой. Сондықтан соған ұқсас азаптанса адамның жаны тазарады екен.

Ал сен қазақ мұсылман емессін бе! Мұсылмандарда ондай жоқ. Өзін өзі жазалауға орын жоқ. Сондықтан мұңға толы еуропалық кітаптерді оқығанда осыны ұмытпау керек. Ол мұң христиан дінінен туындаған.

Егер негативке толы өлең жазу, кітап құрастыру даналық болса неге ондай сөз Төле биде, Майқы биде, Асан Қайғыда жоқ?

Егер менің айтқаным сенбесеңіз қазақтан бір ғасыр бұрын еуропалық әдебиет пен мәдениетке бет бұрған Түркия мен Үндістанға қараңыз. Қазақстанда түрік пен үндінің талай сериалдары көрсетіледі. Түріктің неше түрлі әні шырқалады. Ал енді соларды менен артық білетін адам айтсыншы - ол жерде қуаныш көп пе, қайғы көп пе? Түрік сериалдары шаттыққа толы ма? Ол фильмдер позитивке ме әлде негативке толы ма?

Осы ретте айтқан сөзім түсінікті болу үшін сәтті мысалдарды келтірейік. Жапония еуропалықтардың агрессиясына 19 ғасырда тап болған соң ойлана қалды. Бізді еуропалықтар қалай жеңді? Қалай сарбаздарымызды мерт қылды? Оқ пен қарумен. Демек соны дереу өзіміз жасайық деп керекті шеберлерді шетелден шақырды, елде

қажетті шеберханалар ашты. Жапония біз жалқаумыз, біз жаман халықпыз демеді, демек соны түзету үшін ол жақтың ақындары елді мұн мен қайғыға толы өлең жазып халықты түзетейік деп айтпады. Олар бізді жаулар оқ дәріден жасалған қарумен шапты, демек сол қаруды жасайық деді. Қысқасы жапон елінің зиялы қауымы болмайтын тірлік, елді түзету, елге ақыл айтумен емес (Дана халқымыз «Алыптан ассан да халықтан аса алмайсын!» дегенді босқа айтпаған ғой!) ғылымды меңгерумен, технологиялырды дамытумен айналысты. Және нәтижесі де белгілі ғой! Елді жамандау, елге сын айту болмайтын тірлік.

Тағы бір мысал. 20 ғасыр басында фин елінің халқы шамамен үш миллиондай еді (ол кезде қазақтар саны шамамен 6-8 миллиондай). Және Финляндия Ресей империясының төрі Петерборға жақын орналасқан (Петербург шетінен Финляндия жері көрініп тұр). Фин елінің зиялы қауымы елді айыптап, мұнға толы өлең жазудан гөрі 19 ғасырда ақ патша өкіметіне қарсы астыртын ұйымдар жасаумен, тәуелсіздік алу жолында тірлік етумен айналасты. Сол екен-ақ, ақ патшаның құлауымен олар 1917 жылы бір ел боп енді біз тәуелсізбіз деп бүткіл әлемге хабар салды. Ақ патшадан кейін билікке келген большевиктер елдің бірлігін ескеріп, олардың соғысуға дайын екенің көріп Финляндияны амалсыз мойындай салды. Және сол кезден бұл күнге шейін Финляндия өзімен өзі болып өмір сүріп жатыр. Мемлекетін бекітіп дамыған елдер қатарына қосылып. Олар ашаршылық, коллективизация, сталиндік репрессия, жұт дегенді білмеді. Айтпақшы албасты Сталин Финляндияны қайта жаулап аламын деп 1938 жылы ол жаққа қалың әскер жіберді. Ел арасында бірлік бар жерде тірлік бар деп атам қазақ айтқандай фин елі аянбай соғысып сәбеттік әскерді ойсырай жеңді. Зор жеңіске жетті! Жүз жыл өтсе де әлем халқы мақтан еткен жеңіске жетті. Ал алаш зиялылары осы 1938 жылы қайда болды? Күрес жолын мойындамаған, елді күреске шақырмаған ақынның тағдыры осылай болады! Сені қазақ ешкім аямайды, сондықтан тірлік ету керек батырым, досым. Кешегі

батыр қазақ «Туғызамыз жауға заманақыр!» деген сөздерді еске алу керек бауырым!

Зиялы қауымы мұң мен қайғыны емес, күрес жолын таңдаған көп ел 20 ғасырдың басында-ақ тәуелсіздікке қол жетіпті. Мысалы Моңғолия, Ауғанстан, Түркия, Иран, Арабия, Польша, Финляндия. Осы елдер бізден сол заманда (қазір де) асып-тасып тұратындай, ғылымы дамыған, айрықша күшті ел (империя) болмаған.

Қазақ халқы ешқашан жалқау, қорқақ болмаған. Көне жыр мен дастандардағы қазақ аянбай күресе алды. Қазіргі қазақ халқы – сақ, ғұн, қаңлы, үйсін, түрік, қыпшақ сияқты батыр бабаларымыздан еш кем емес. Сондықтан қазаққа кір жұқтырмайық.

Еуропалық әдебиетті пір тұтқан көп ақын мен жазушының санасы негативке толы әлемде қалған. Көбі қиял әлемінде. Және ең сорақысы ақындар мен жазушылардың көбі өмірінің соңына шейін сол мұңлы әлемде, қиялға толы әлемде қалып қояды екен. Мен оларды жек көріп осыны айтып отырған жоқпын (Ашу дұшпан), керісінше мен ақындарды аяп отырмын, жат елдің идеологиясын ұмытындар деп жатырмын. Қиялға берілмей шың әлемде өмір сүріндер деп отырмын. Кешегі Махамбеттің жолын еске алындар деп отырмын. Бұқар жырау жолын қуындар деп жатырмын. Өлең шығара алатындай талант бойыңызда бар болса оны ел игілігі үшін жұмсандар деп отырмын. Олай істемесеніз өміріңіз драма мен трагедияға толы болады. Сенбесеңіз өздеріңізден үлкен жазушылардың өмірбаяның оқыңыз.

Адамды адам етіп қалыптастыратын зат ол тәрбие, идеология. Ал өзі де, сөзі де батыр болған Махамбеттен қай ақын артық? Сөз атасы Майқы бидің сөзінен кімнің сөзі артық?

Қазақ әдебиетіндегі жаман сөздер, қазақты жалқау, сорлы, бишара деп айтатын сөздердің кесірін статистикамен де дәлелдей аламыз. Бұл үшін

Орта Азия елдерінің ажырасу, суицид пен халық өсімін салыстырайық (2024 жылғы):

Мемлекет	Ажырасу (1000 адамға)	Суицид (100 000 адамға шаққанда)	Халық өсімі	Орташа жалақы мөлшері
Қазақстан	4,6	14,6	1,22 %	423 133 тенге
Өзбекістан	1,1	8,3	1,9 %	244 102 тенге
Қырғызстан	1,6	6,8	1,52 %	249 000 тенге
Түркменстан	-	6,8	1,66 %	152 224 тенге
Тәжікстан	1,4	2,4	1,85 %	108 428 тенге

Қазақстан ажырасу көрсеткіші бойынша 2024 жылы бүткіл әлем елдері арасында екінші орында екен (бірінші орында курортты ел Мальдив). Ол жайында мына мақаланы оқыңыз – <https://www.petrellilaw.com/10-leading-countries-with-the-highest-divorce-rates/>.

Суицид көрсеткіші бойынша да Қазақстан Орта Азияда көш бастап тұр – https://en.wikipedia.org/wiki/List_of_countries_by_suicide_rate.

Көріп отырғандай қазақ Орта Азия елдері ішінде ажырасу деңгейі жоғары, суициді көп ал халық өсімі ең аз ел болып тұр. Бұның бәрі жаман сөзден, негативтен (Өзбекстанда өзбек жалқау деген сөз жоқ, Қырғызстанда да қырғыз жалқау деген сөз жоқ. Қырғыз елінде біз Манас батырдың ұрпағымыз деген асыл сөз бар. Және Қырғызстанның әрбір бұрышында Манас батырға арнап салынған ескерткіш, көше, қала, алаң жоқ емес бар. Қырғыздар Манас батырды мақтан тұтады...).

Бір күні Мұхаммед Пайғамбар екі сахабасының арасында отыр екен. Біраз уақыттан кейін олар пәленше адамды жамандай бастапты. Сонда Пайғамбар ұшып тұрып басқа бөлмеге кетіп қалды. Бұған екі сахаба ан-таң боп оның артынан барыпты. Біз сізді реңжіттік пе? деп сұрап. Сонда Пайғамбар былай деді: «Сіз ана адамды жамандай бастағанда араларына шайтан келіпті, шайтан бар жерде мен отырмаймын».

Қазақ жайлы жаман сөз айту, оқ ату сияқты. Ол оқ кімге тиеді? Ақ патшаға ма? Сталинге ме? Голощекинге ме? Колбинге ме? Горбачевке ме? Жоқ! Олар қазақ тілін білмеген, ондай өлеңді оқымаған да. Ол оқ сүйегі қатпаған мектеп оқушыларына, санасы қалыптаспаған сәбилерге, қазақтың қара домалақ балаларына тиеді. Зардабын да солар өмір бойы көреді. Кемшілік комплексі адамды іштен құрт сияқты жеп отырады. Елді, ғылым тілімен айтсақ деморализациялайды.

Сенбесеңіз жақында шыққан «Мұқали» фильмін қараңызшы. Ол жерде Бауыржан Момыш-ұлы, Нұрғиса Тлендиев, Мұқағали Мақатаев пен Асқар Сүлейменов бар. Бауыржан мен Нұрғиса қазақи тәлім тәрбие алған адамдар. Сондықтан күресіп, тірлік етіп мұратына жетіпті. Сол кездің өзінде-ақ ерекше бай, бақытты, танымал бола алған. Министрліктен біреу қызғанып жолын кессе, мойындамай жатса әкесін

танытып әділдікке қол жеткізіп отырған. Ал Мұқағали мен Асқар еуропаша оқып қалыптасқан адамдар. Және екеуі...

Қазақ мектебіндегі мұң мен қайғыны, қазақты сынау, боқтау, балағаттау сөздері бар кітапты кім шығарған? Оны бәріміз білеміз. Сіз мен ол ақынды осы жерде сынап отырмын деп ойлап жатуыңыз мүмкін. Бірақ олай емес. Мен мектепте оның көп өлеңің жаттадым, оқыдым, өмірге деген көзқарасым сол ақын айтқандай болып қалыптасты. Бірақ бұнысы, шың айтсам маған керемет игілік әпермеді. Қазақ жалқау, қазақ сорлы деген сөздер жадымда сақталғандықтан мен өзіме өзім сенімсіз бола бастадым. Себебі мен де қазақпын ғой! Айтатын кезде аузымды ашпадым, тірлік ету кезімде тірлік етпедім. Және зияның өзім ғана көрдім. Демек мен басқаға сеніп алданып қалдым, ол ақын да дәл солай алданып қалды. Қазақтың қаншама миллион халқы да дәл солай алданып қалды, бір болмайтын қиялға алданып отыр. Ал сондай, қазаққа деген жаман көзқарасы бар идеологияның көкесі кім? Авторы кім? Ол кімнің ойынан шықты? Ақын ойынан шықты десеңіз мен сене қоймаймын. Ақын көбіне аңқау, аңғал болады. Мынандай идеологияны бір қу шығарды. Қазаққа деген көзқарасы жаман адам шығарды. Оның атын да атай аламын. Алты алаш жұртын ақ патшаның шапқыншылығынан қорғаған, қоқандықтарға төтеп берген Кеңесарыны Сарыарқадан кім ығыстырды? Ақ патшаға алтынға сатылып (орысқа тең келетін халық жоқ деген сөздің түбірі осы жерде) елге ойран салған кім? Қаншама қазақ бауырларымыздың атына кір келтіріп, арыз жазып Сібірге айдаған кім? Би екеу болса дау төртеу болады деген сияқты қазақтың қаншама би мен батырына кір келтіріп отырған сөздерді айтқан адам сол негативті идеологияның негізін қалады.

Ал оған ақ патша жандаралдары сендірген. Ақ патша әкімшілігінің көзқарасы бойынша қазақ татар-моңғолдың ұрпағы, оны қараңқы, білімсіз ету керек. Өз тарихын білмеген, бір болмайтын идеологияға сенген халықты басқару оңай. Мысалы кезінде испандықтар Мексика жеріне келіп жергілікті халықты бағындыру үшін, ацтектерге былай

деген екен: «Сендердің тілдеріңіз дамымаған, мәдениетіңіз артта қалған, билеп отырған патшаңыз ақымақ, құдайыңыз ойдан шығарылған» деп. Сөйтіп аңтектерді алдымен тіл мен мәдениетінен айырды, енсесін түсірді, намысына тиді, кейін сол аңтектердің көбі жоқ боп кетті (бұның қазаққа қатысы жоқ дегендерге айтар сөзім, қарақтарым-ай, кеше қуатты, күшті болған Ноғай мен Қырым хандығы қайда кетті?). Америкада негрлерге талай жылдар бойы - «эй негр сен жамансың, сен жалқаусың, маған құл болуға ғана лайықсың» деп айта беріпті. Қазір құлдық жойылды. Негрлер енді афро-американдық бола салды. Бірақ соған қарамастан Америкада әлі күнге шейін олар кедей, олар әлі де болса жолын таба алмай жүр. Біразі гетто деген жаман, өңкей кедей, наркоманы көп жерде тұрады. Американың батыры, Қажы Малькольм Икс айтқандай: «Ол түрме баста».

Осы ретте айта кететін жайт. Бұқар жырау, Асан Қайғы, Махамбет, Майқы би сияқты күрес жолын таңдаған ақын мен жыраулардың көбінің өмірде жолы болады екен. Бәрі дерлік мұратына жетіп ел ішінде сыйлы болған екен. Жүз жасап бала, немере, шөбере, шөпшек арасында жүріп, олардың қызығың көріп ел данасына айналып.

Ал мұң мен қайғы жолын таңдаған бір де бір ақын мұратына жетпеді. Көбінің өмірі жазған сөзіне сай трагедия, драмамен жас кезінде аяқталды, көбі 40-50 жас шамасында мерт болады. Жүз жасаған көне бабаларға 40 жыл ол балалық шақ қой! Неге? Себебі осы мұң мен қайғы оларға гипноз сияқты. Ақынды тура жолдан адастырады, өмірің мұңлы мен қайғылы болуына итермелейді. Құрт сияқты ақынды іштен жеп отырады. Айтпақшы, ғалымдардың жаңа зерттеулеріне сай, негативті ойдан гастро, онко аурулар пайда болуы мүмкін екен.

Мұңшыл ақынның біреуін де ел тірі кезінде көкке көтермеді, біреуін де тірі кезінде ел құрметтемеді. Менің көршім Светлана Ақмақбаева айтқандай вообще никого. Өлгенде ғана пұтқа ұқсас памятник қояды, көше атауын береді, сонымен бар тірлігі бітеді.

Махамбет Өтеміс-ұлы

Махамбеттің өлеңдері адамның күш жігерін қайраттайды, қуаттайды, жігіттен ер ете алатын жалынды туындылар. Күн сайын оның өлеңдерін оқып жүрсеңіз алынбайтын қамал, жете алмайтын асу қалмайды. Жастар тілімен айтсақ күшті мотивация береді, адамды тура жолға салады.

Мысалы «Ереулі атқа ер салмай» өлеңің алайық:

«Ерулі атқа ер салмай,
Егеулі найза қолға алмай,
Еңку-еңку жер шалмай,
Қоңыр салқын төске алмай.
Тебінгі терге шірімей,
Терлігі майдай ерімей,
Алты малта ас болмай,
Әр түйірі ат болмай,
Атыңды байлап келгенде,
Қатын-бала жат болмай,
Ат үстінде күн көрмей,
Ашаршылық шөл көрмей,
Арып-ашып жол көрмей,
Өзегі талып ет жемей,
Ер төсектен безінбей,
Ұлы түске ұрынбай,
Түн қатып жүріп, түс қашпай,
Тебінгі теріс тағынбай,
Темірқазық жастанбай,
Қу толағай бастанбай,
Ерлердің ісі бітер ме?!»

Бірақ солай бола тұра Махамбет қазақтың басқа ақындары сияқты Абайдың көленкесінде қалып тұр. Оған дәлел ретінде айта кететін факттер көп. Мысалы 2003 жылы Махамбеттің бақандай 200 жылдығы болыпты, ал 2023 жылы 220 жылдығы. Ол күндерде ел ішінде мереке, той, конференция болды ма? Жалғыз Махамбет қана емес, Төле би, Майқы би, Абылай хан сияқты даңқты бабаларымыздың да мерей тойлары Қазақстанда аталмай жатыр. Неге?

Сталин, Голощекин саясаты бойынша қазақ Ресейге қосылғанға шейін хат танымайтын, қалаған бағытта көшіп жүретін, қалалары жоқ жабайы болған екен. Олар айтқандай 1917 жылғы Қазан революциясынан кейін ғана қазақ хат тани бастапты. Соған сәйкес кеңестік замандағы мектеп оқулықтарында көбіне сәбеттік уақытта (не соған жақын заманда) жарық көрген ақын мен жазушылардың туындыларын ғана көптеп тарататын.

Сталин мен Голощекин бұны не үшін істеді? Қатын патша (Екінші Екатерина) «Қазақ халқы сайлаған ханға қарсы бүлік жасайтын сатқындарды қолдандар, қазаққа өз тарихын ұмыттырындар, өйткені қазақ өзінің ата-бабасының кім екенің біле қойса олар бүткіл әлемді жаулап алады» дегені бар емес пе. Сондықтан сәбеттік заманда би, батыр, хан, шешен, жыраудан қала халқын аластатты. Сәбеттік заманда мектепте қазақтың екі ханы, екі батыры және үш биі ғана оқылатын. Оның өзінде 1730 жылғы Ресейге қосылу мәселесі қарастырылғанда ғана. Сол дәстүр әлі де жоқ емес бар...

Махамбет қазақты сүйді, оған дәлел хан ақыны болмай елмен бірге болуында. Және жастарға үлгі болатын, жол сілтейтін не бір керемет өлеңдерді қалдырғанында. Соларды күнде оқысаңыз кем болмайсыз. Ол керемет мотивация! Махамбеттің өлеңдерінде мұң мен қайғы жоқ. Неге? Өйткені тірлік ететін, ерлік ететін адам мұңға берілмейді, ол әрекет етуді ойлайды, қайтсем еліме қамқор болам деп, мына проблеманы қайтсем шешем деп. Алжып, мұңға батқан адам көбіне

ерлік ете алмайды, ол қиялындағы бір болмайтын лабиринтке, утопияға (матрицаға) кіреді де содан шыға алмайды. Армандаған мақсатына жете алмаған ондай адам маңайындағы жұртқа жылан сияқты у, негатив төгіп отырады. Біреу бізге ақша берсе екен? Мемлекет маған пәтер берсе екен? Біреу бізді қолдаса екен? Деп қиялдап, көп уақытын босқа өткізіп қалады. Өйткені бұл өмірде сөз айту емес тірлік ету керек. Әрекет ету керек. «Заман түлкі болса тазы боп шал» дегендей ел болам деген халық кейде күш, кейде мінез де көрсету керек. Момын болу мына заманда керемет қасиет емес.

Махамбет Өтеміс-ұлы 1803 жылы Бөкей ордасында дүниеге келген ақын, батыр, ғұлама. Осы ретте айта кететін жайт. Қалмақтар 1771 жылы «Шаңды жорық» кезінде Еділ мен Жайық арасын қалдырып шығысқа көшіп кеткен. Сол жер бос қалған соң батыр Бөкей сұлтан Кіші мен Орта жүздің біраз руларын бастап ол жаққа көшіп өзінің хандығын 1801 жылы құрды. Жайықтың ар жағына қазақ көшпесін деген қатын патшаның жарлығы бар болғанына қарамай. Артынан ақ патша амалсыз рұқсат беріпті. Ақ патша дегеніміз ол кезде билік құрған Бірінші Павел. Павел негізі ақкөңіл, білімді, адамгершілігі мол патша болған, орысты құлдықтан азат еткісі келген әмірші де нақ өзі (бірақ оны өз баласы Александр тақтан тайдырып, әкесін өлтіруге жол беріпті. Және қазіргі Ресей тарихында Павел жынды, жаман деп аталады, қысқасы сын астында қалыпты).

Бөкей хан қайтыс болған соң таққа баласы Жәңгір отырады. Жәңгір хан өзіне қарайтын елге ресейлік басқару әдістерін еңгізгісі келді, соларға ұқсас болайын деді. Хан ордасы соларға сай етіп салынды.

Абай орысқа тең келетін халық жоқ деп 19 ғасырда жазған. Ол орыс дегенді губернатор, оның сұлу қатыны не бай саудагер деп түсінген сияқты. Өйткені ішкі Ресейде, анау Мәскеу мен Петербор сияқты жерлерде не боп жатқаның көрсе бұлай айтпас еді. Ол жақта болмаған соң қиялдап орысты көкке көтеріпті. Сол кезде орыстың жағдайы мәз

емес. Ақ патша заманында орыс қазақтан әлдеқайда нашар тұрған. 19 ғасырда орыстар крепостной, яғни құл болды. Граф, помещик, князь не айтса соны ләм-мим демей орындап отыратын. Мысалы ауылдың ең сұлу қызын маған әкел, жыл бойы жинаған бидайыңды бер, менің етігімді тазала деп зілкіп отыратын. Айтқанына көнбесе аямай ұратын. Керек десе өлтіре де салатын (және тағы бір айта кететін жайт орыстардың көбі ол кезде сауатсыз болған, халықтың бар жоғы 10-15% ғана хат танытын. Ал қазақтың барлығы дерлік хат таныған, жаза алатын, халықтың шамамен 80-90% сауатты болған, есеп білетін күйде. Қазақ оқымаған адамды «Есепті білмеген есек» деп кекететін).

Осыған ұқсас басқару жүйесін Жәңгір хан Бөкей ордасында орнатқысы келді. Барша жерді бай мен төрелерге таратып, халық болса солардың ауызына қарап отыру керек екен деп. Солардан байқұс шаруа жерді жалға алып, өз жерінде квартирант боп, байға ақы төлеп отыруы керек екен. Ержүрек қазаққа бұлай басынуға бола ма? Ел бұндайды көтере ме?

Осының салдарынан 1837 жылы Исатай мен Махамбеттің көтерілісі басталды. Исатай көзі ашық, ақылды, білімді, ержүрек адам болған. Махамбетке аға сияқты қамқор болды. Оған ағалық сезіммен қараған. Көтерілісшілер хан әскерін оңай жеңді. Хан жағында болғандарды оңай мұқатты. Оған «Мен - мен едім, мен едім!» деген өлеңі куә:

«Мен - мен едім, мен едім!
Мен Нарында жүргенде
Еңіреген ер едім.
Исатайдың барында
Екі тарлан бөрі едім.
Қай қазақтан кем едім?
Бір қазақпен тең едім.
Өздеріңдей хандардың,
Қарны жуан билердің

Атандай даусын ақыртып,
Лауазымын көкке шақыртып,
Сұлтанын суға сұлатып,
Ханшасын қақпа алдында жылатып,
Ернін еттей тесісіп,
Кеңірдегін кесісіп,
Жыраға басын түсіріп,
Жылғадан қанын ағызып,
Басын кессем деп едім!

Еділдің бойы ен тоғай -
Ел қондырсам деп едім.
Жағалай жатқан сол елге
Мал толтырсам деп едім.
Еңсесі биік ақ орда -
Еріксіз кірсем деп едім.
Керегесін кескілеп,
Отын етсем деп едім.
Туырлығын тескілеп,
Тоқым етсем деп едім.
Тақта отырған хандардың
Төрде отырған ханымын
Қатын етсем деп едім.
Әлдилеген баласын
Жетім етсем деп едім.
Хан сусыны сары бал -
Сұраусыз ішсем деп едім.
Ханның киген кіреуке -
Үстіме кисем деп едім.
Қанікейдей көріктіңді
Қалыңсыз құшсам деп едім.
Тінікейдей тектіңді,
Ителгі көзін төңкертіп,
Күшіктей даусын қыңсытып,

Аш күзендей белін бүгілтіп,
Әділ жаннан түңілтіп,
Ат көтіне үңілтіп,
Артыма салсам деп едім.
Тілекті құдай бермеді -
Өздеріңдей хандарды
Осылай бір қылсам деп едім!

Мен - мен едім, мен едім!
Мен Нарында жүргенде
Еңіреген ер едім.
Исатайдың барында
Екі тарлан бөрі едім.
Ерегіскен дұшпанға
Қызыл сырлы жебе едім.
Жақсыларға еп едім,
Жамандарға көп едім.
Ерегіскен дұшпанның
Екіталай болғанда
Азыққа етін жеп едім.
Хан баласы ақсүйек -
Ежелден табан аңдысқан
Ата дұшпан сен едің,
Ата жауың мен едім.
Ежелгі дұшпан ел болмас,
Етектен кесіп жең болмас!
Хан баласы ақсүйек -
Байеке сұлтан сен болып,
Сендей нарқоспақтың баласы,
Маған оңаша жерде жолықсаң,
Қайраңнан алған шабақтай
Қия бір соғып ас етсем,
Тамағыма қылқаның кетер демес ем»

Көтерілісшілер хан мен сұлтандар ауылдарың басып алса да ешкімді өлтірмеді, жазаламады. Ал Жәңгір хан елмен тіл табысудың орнына, ақсақалдардан ақыл сұраудың орнына елді қырамын деп орыстан қалын әскер сұрады.

Қазақты түгіл өз елін аямай қанап отырған ақ патша әскері көтерілісшілерді аямай қырды. Қазақтың тарихында жат жерден әскер сұрау жоқ болған (мына жерде өтірік айттым. Көшпенділердің сан мың жылдық тарихында халыққа қарсы шыққан көсемдер көп болмаса да бар еді. Қашан? Мың жыл бұрын Қытай Шығыс Түрік қағанаты мен Жетісудың шығыс бөлігін басып алып ол жерге қуыршақ қағандарды қойып отырған. Сол жақтағы көсемдер балаларын Қытайда оқытып, олардың қытайша ойлап отыруына себепкер болған. Сарыарқадағы күшті Қимақтар қағанатына, Сыр бойындағы қуатты Қаңлы мемлекетіне Қытайдың күші жетпесе де Жетісу жерінің аздаған бөлігінде билік құрыпты. Яғни ол кезде қытайлану саясаты елімізде аздап болса жүріп отырған. Бұнысы күшті Шығыс Түрік қағанаты жерінде Елтеріс қаған көтерілісімен аяқталса (бұл жайында атақты «Күлтегін» жазбасында жазылған) Жетісуда қуатты Түргеш қағанатының құрылуымен аяқталды. Яғни қытайлардың түрік қағанаты жерінен қуылумен аяқталды). Тіпті халқы өзіне қарсы шықса да хан елді қырмайтын. Неге? Өйткені Жәңгір хан сол кездегі төре мен байлардың көбі сияқты Ресейде оқып келген адам болған. Ол ақ патшаның идеологиясын, дәстүрін бойына сіңіріп келді. Сондықтан ғой ол сияқтылар елге жиі қарсы шығып отырған. Хан өз халқына қамқор болудан гөрі оны аямай қыруды қалаған екен. Исатай қаза болып көтерілістің негізгі сарыны аяқталды.

Махамбет көтерілістің мақсатына жетпей басылғанына, Исатайдың мерт болуына қапаланды, күйзелді. Досынан айрылу оңай дейсіз бе? Осы жайында «Қызғыш құс» деген өлеңінде айтылған:

«Ау, қызғыш құс, қызғыш құс,
Қанатың қатты, мойның бос.
Исатайдан айрылып,
Жалғыздықпен болдым дос.
Ау, қызғыш құс, қызғыш құс!
Ел қорғаны мен едім.
Мен де айрылдым елімнен;
Көл қорғаны сен едің,
Сен де айрылдың көліңнен.
Аспанда ұшқан қызғыш құс!
Сені көлден айырған -
Лашын құстың тепкіні.
Мені елден айырған -
Хан Жәңгірдің екпіні.
Айтып - айтпай немене,
Құсарлықпен өтті ғой,
Махамбеттің көп күні!»

«Үмітсіз шайтан» дегендей ақын соңғы күндеріне шейін елім, жерім деп жырлап бізге даналыққа толы көп өлең қалдырып кетті. Көтеріліс басылса да, Исатай сияқты көсемдер қырылса да Жәңгір хан Махамбетке итшілік жасауды қоймады. Ресей билігі Махамбетті баяғыда ұмытып қойса да хан оны құдалауды қоймады. Ақ патша жандаралдарына талай рет оны құрту керек, түрмеге отырғызу керек, Махамбет түзелмейді деп сан рет заява жаза беріпті. Бұл хан деген атқа кір келтіру. Мысалы Абылай хан оны сынаған Бұқар жырауға қысым жасаған жоқ қой. Қожаберген жырау Абылайға «Сен кезінде Төле бидің түйесін бақтың, сондағы атын Сабалақ еді» десе де оған жамандық істемеді. Қазақтың дәстүрінде ақын мен жырауға тіл тигізу, оны өлтіру болған жоқ. Тіпті «Ақсақ құлан» жырындағы ақынды анау-мынау емес, қатыгез Шыңғыс ханның өзі де тиіспеген.

Атам қазақ айтқандай «Жазмыштан озмыш жоқ» дегендей тарих бәріне лайықты баға береді. Ақ патшаға адал болған Жәңгір хан көп ұзамай

ерте қайтыс болады. Ханның үлкен баласы, тақ мұрагері Сайып Керей таққа отыра салысымен кенеттен қайтыс болыпты...

Ақ патша әуелі Жәңгір хан, Құнанбай (Абайдың әкесі), Шыңғыс сұлтан (Шоқан Уалихановтың әкесі) сияқты өзіне адал адамдармен ұлт мақтанышы - Кенесары хан, Исатай, Махамбет секілді көсемдердің көзін құртты. Ел қорғаны болған батырларды құртқан соң өзіне кеше ғана адал қызмет етіп, еліне опасыздық жасаған сатқындарды да құрта бастады. Ұрпағын аямай түбінде бәрін құртты. Егер бұны кезінде Жәңгір хан мен Құнанбай білсе ақ патшаға адал қызмет етіп елге ойран салар еді ме?

«Өзін-өзі таныған ер бақытты, өзін-өзі басқарған ел бақытты» дегендей әрбір адам осы әлемге не үшін келгенің, оның ата-бабасы кім болғаның, не үшін өмір сүріп жатқаның түсіну керек. Кімнің батыр, кімнің сатқын болғаның анықтайтын заман келді қазағым.

Елді жалқау деу, оны боқтау, жастарды сынау керемет даналық емес. Бұнысы елді жек көру. Бұндай сөздер жастардың өмірге деген мотивациясын, болашаққа деген үмітін таптаумен тең. Елді жігерсіз ету. Атам қазақ айтқандай «Алыптан ассан да халықтан аспайсын». Есесіне қазақты жамандаған ақындардың бірде бірі 1916 жылы, Желтоқсанда, Қантарда алаңға шығып Махамбет сияқты, Төле би сияқты тірлік жасамады. Ал сөзіне сай тірілігі жоқ болса ондай адамның сөзіне не себептен сен қазағым сеніп отырсын?

Махамбеттің философиясы ол тірлік ету, оң ойлау, елді сыйлау, жастарды қолдау, күресу. Ел мақтанышы Махамбеттің аңызы, мұрасы жыл сайын көркейіп, гүлденіп жатыр. Қаншама ақын Махамбет өлеңдерің мақтан етеді. Батырға арнап өлең мен күй жазады. Қазір, Махамбеттің жолын қуған, Кіші жүзде батыр аз емес. Нұрғиса Тлендиев айтқандай: «Махамбет менің пірім!».

Стиляги фильміндегі адасқандар

2008 жылы «Стиляги» деген керемет философиялық фильм жарық көрді. Көркем туындыда бай отбасынан шыққан балалар шаштарын бояп, неше түрлі түсті костюм мен көйлек киіп, кеште Мәскеу көшелеріне клоун сияқты шығады екен:



Және өздерін орыспыз демей, өз ұлтың меңсінбей, америкалық атауларды қолданып жатады. Мысалы Саша деген бала өзін Сэм деп атайды, Коля болса Колинз, ал Маша деген қыз Мэри боп қала салады.

Олар өздерін елден жоғарымыз, басқалалардан ерекшеміз дейді. Біз кереметпіз ал қалғандары бізге надан, быдла, жлоб екен. Өздерін өзінше керемет ақылды деп санап, елге ақыл айта аламыз деп ойлайтын. Оған қоса олардың пайымдауынша Америкада барша мәдениетті адамдар солар сияқты киініп, солар сияқты көше мен қаланы клоун сияқты аралап жүреді екен. АҚШ-та халық олар сияқты сөйлеп, олар сияқты киініп жүретіндей боп стилигилерге көрінеді. Соған кәміл сенеді.

Фильм шамамен 20 ғасырдың 60 жылдарындағы оқиғалар жайлы баяндайды. Ол кезде интернет жоқ, теледидар да көп үйде болмаған. Америкаға бару мүмкін емес. Кеңес Одағында адам шетелге өз бетімен шыға алмайтын. Елші, министр, әкім, ғалым, әртіс, әнші болмаса елдің көбі өз бетімен шетелге бара алмайтын. Осы стилигилерге ата аналары, мұғалімдері, жұмыстағы бастықтары балам адам сияқты киінсенші, клоун сияқты жүріп бізді ұятқа қалдырдың ғой деп жалбарынса да олар оған көнбейді, менікі дұрыс деп өзінше жүре береді. Америкада білімді әрі мәдениетті адамдар біз сияқты киінеді, біз сияқты ойлайды, біз сияқты сөйлейді деп.

Одан кейін арасынан біреуі оқуын бітіріп Америкадағы елшілікке жұмыс істеуге барады. Шың Американы көріп біраз уақыттан кейін үйіне оралады. Келген соң бір досын шақыртып алып, Америкада стилиги сияқты ешкім киінбейді, біреу клоун сияқты киініп көшеге шықса оны жындыханаға алып кетеді деп, ақырындап, байқап айтады. Бірақ Америкада болмаған досы оған сенбейді, айтқанына көнбейді, сектант сияқты алған бетінен қайтпайды.

Ал енді досым айтшы, қай елде өз ұлтың жалқау деу бар? Қай елде өз халқың мектеп сабақтарында сынау бар? Қай елде мектеп оқушыларына негативке толы өлеңдерді оқу бар? Аманкелді батыр айтқандай осыны маған түсіндіріп берші!

Бауыржан Момыш-ұлы

Әлем әдебиетінің классигі Бауыржан Момыш-ұлы 1911 жылы қазіргі Жамбыл облысында дүниеге келген. Әкесі Момыш қарапайым шаруа еді ал анасы болса ерте қайтыс болыпты. Өзі айтқандай ата-анасы бай да емес, кедей де болмаған. Бәукенің жастық шағы жайлы білгіңіз келсе «Ұшқан ұя» деген керемет кітабін оқыңыз.

Соғысқа дейін Бәуке әскерге шақырылып бірнеше жылын Қиыр Шығыста өткізді. Ол жерде әскер өнерінің қыр-сырларын меңгеріп жатты. 1941 жылы Екінші Дүниежүзілік соғыстың ұшқыны Кеңес Одағына тиді, жау жағы бүткіл Еуропаны жаулап алып сәбеттік жерлерге баса көктеп кірді.

Өкінішке орай соғысқа дейін Кеңес Одағы басшысы Сталин әскер басы Жуков сияқты кәсіби мамандардың айтқанына құлақ аспай талай қателік жасады. Біріншіден шекара маңынан елді ішке көшірмеді. Екіншіден қару-жарақ қоймалары мен әскери техниканың көбін шекара маңында қалдырды. Соның салдарынан фашистер шекарадан өте салып талай әскери қоймаларды иемденіп оңай олжаға ие болды. Ал сәбеттік әскер болса қарусыз қалды. Шың айтсақ кейде сарбаздарда соғысатын мылтық та болмаған екен.

Осындай сарынмен фашистер шекарадан орталыққа оңай жылжып, сәбеттік әскерді жан-жаққа қашырып, шашыратып, миллиондаған адамды тұтқынға алып жатты (Сталиннің әскер мен халықты басқаруы елге пайдасыз, зиянды болды, соған бір мысал, соғыстың алғашқы айларында тұтқынға түскен кеңестік сарбаздардың саны фашистік әскерден артық болыпты!).

Жазда шекарада басталған атыс күзге қарай Мәскеу маңына дейін жетті. Бүткіл әлем әне міне дегенде фашистер Мәскеуді жаулап алып сәбеттік елдің күл-талқаның шығарады деген ойда еді.

Мәскеуді қорғауға қазақ даласынан көп әскер, соның ішінде 316 атқыштар дивизиясы жіберілді. Атақты панфиловшылар дегені осылар. Соларға бас болған командирлердің бірі боп Бауыржан тағайындалды. Жауды көре сала аянбай шайқасып жүріп, жау шебін талай рет бұзып әне-міне дегенде бүткіл әлемге танымал қаһарман бола салды. Панфиловшылар таңқаларлық ерлік жасап Мәскеуді жау қолына бермеді. Сол үшін бүткіл кеңестік елдерде оларды мақтан тұтады.

Бәукенің шығармаларында ойдан, қиялдан туындаған адам не оқиға жоқ. Бәрі ақиқат, бәрі өмірде болғаны ғана. Сондықтан оның жазбалары мұнлы, қайғылы болмады. Және кейіпкерлері де біркелкі емес. Ойдан шығарылғанда олай болмайды ғой. Оған дәлел ретінде «Куба естеліктері» деген қысқаша әңгімені оқыңыз. Ол жерде Бауыржан Момыш-ұлының Куба еліне сапары баяндалады. Куба елі біздің батырымызды пір тұтады. Батырымыздан соғысуды үйренеді. Бүткіл әлемге танымал Че Гевара Бауыржанды мақтан тұтқан, оның ерліктеріне қайран қалған. Осы сапарда Бәуке Куба оқырмандарымен талай рет кездесу өткізеді. Сондай бір кездесуде одан кубалық оқырман сұрапты - «Сіздің шығармаларыңызда ойдан шығарылған кейіпкер бар ма?» деп. Оған батыр жоқ деп жауап беріпті. Бәрі өмірде болған адамдар деп жауап қайтарды. Негізі қиял, ойдан шығарып жыр ету онша жақсы, онша керемет іс емес. Ондай туындыны оқығанда адам алданып қалуы да мүмкін. Өмірде болмағанды болды деу даналық емес қой?

Бауыржанның туындылары әлемде қазақтың басқа жазушыларынан артық таралып жатыр. Орта Азиядағы осы заманғы ақын мен жазушылар ішінде әлем кеңістігінде ең көп оқылатын екі сөз шебері бар – Бауыржан Момыш-ұлы мен Шыңғыс Айтматов. Екеуі де біркелкі

жазбаған, әрбір туындысы өзгеше, не бір адамдар, неше түрлі оқиғалар. Және бәрі шындыққа негізделген, сондықтан шығар екеуі оқырман тарапынан ерекше ықыласқа ие.

Мысалы Шығыс Айтматовтың «Найман ана» әңгімесінде Мәңгүрт бар. Ол кім? Ол жужан (монғол мен қалмақтың атасы) еліне тұтқын боп қалған адам, жау жағына шықпайтын, елінің сатпайтын. Сонда жау жағы не істейді? Батыр басына түйенің өркешін іліп қояды да шөлге, аптап ыстық жерге қалдыра салады. Аптап ыстықта өркеш кеуіп адам басын қыса бастайды. Ондайға адам шыда алмай есінен танып қалады. Және біраз уақыттан кейін шашы түйенің қалын өркешін тесе алмаған сон, сыртқа шыға алмай ішке қарай өсе бастайды, адам миын тесіп. Содан анау батыр өзінің кім екенің, қайдан келгенің ұмытып қалады. Жаудың айтқанына көне беретін мәңгүртке айналады. Осындай оқиғаны ойдан шығару мүмкін бе?

Негізі Қазақстан елшілері шетелде көбіне Абай мен Мұхтар Ауэзовтың туындыларын ғана аударуға әуес. Бізде мынандай жазушы бар, мынандай ақын бар дегендей. Солардың қатарына Бәукені де қосуға болатын сияқты. Шет елдері соны қалап отырса, өзі іздеп отырса неге істемеске? Есесіне Бәуке қазақты батыр етіп мақтап, жырлап жатыр ғой! Бәукенің еңбектері Пентагон, Форт-Нокс, Вест-Пойнт сияқты жерлерде, әлемнің ең керемет әскери академияларында көп оқылады.

Бауыржан туындылары несімен құнды? Біріншіден тәрбиелік мәні бар болған соң. Екіншіден батырымыз соғысудың, адам болудың, тірлік етудің, елмен бірге әрекет жасаудың, қарамағындағы адамдарды басқару жолын сілтеп отыр. Негізі Бәуке туындыларын оқып сіз менеджментті де тани аласыз. Қәдімгі бір МВА сияқты.

Бауыржан туындылары неге ұқсайды? Бәуке қазақтың көп жазушысы сияқты мұнды көбейтіп жырламайды, неге бұлай болды? Кім кінәлі деген сарынмен біркелкі жазбайды. Қазақты кейбір жазушылар сияқты

орынсыз мақтамайды да, жамандамайды да. Сонда Бәукенің туындылары неге ұқсас? Батырлар жырына ұқсас. Бәукенің кітаптары прозамен жазылған батырлық жыр.

Шың ғұламалар сияқты Бауыржан ержүрек, батыр болған. Бірақ ерлігіне сай медаль алмай қалды. Неге десеңіз, ол кезде медаль беру үшін алдымен адамның мінездемесін елінен алады екен. Баукеге медаль беру керек пе деп сұрағанда қазақтың бір жазушысы оған бермендер депті. Қазір ол медальді жастар білмейді, медаль түгіл сол медальдің атымен аталған мемлекет те жоқ, баяғыда құрып, сүйегі шіріп кетті дегендей, ыдырап жоқ болды ғой. Ал сол кезде ол ерекше бағалы, ерекше қымбат болған.

Негізі жазушы болам, ақын болам, ғалым болам деген адам ең алдымен ержүрек болуы керек. Елін ойлау керек, шындықты айта алатындай халде болуы шарт. Қазақтың шың ғұламаларының бәрі тегіс – әрі батыр, әрі шешен, ержүрек, данагөй, би, батыл болған. Мысалы Әл-Фарабиді араб сұлтаны өз еліне шақырыпты. Сарайға келген соң қай жерге отырайын деп уәзірден сыпайы тілмен сұраған. Сонда сұлтан қай жерге лайықты болсан сол жерге отыр деп айтыпты. Ол кезде сұлтан төрде отырады. Сұлтаннан кейін сәл төмендеу жерде бас уәзір отырады, сәл төмен жақта әскер басы жайғасады, тағы сәл төменде министрлер отырады... және содан кейін ғана араб ғалымдары отыр екен. Әл-Фараби төрге қарап тұрып мендей ғұламаға мына жер лайықты деп таққа отыра салыпты. Жиналған жұрт бұған ан-таң. Ол кезде сұлтанға жақпасан басынды ала салатын заман ғой. Соған қарамастан төрге отыра салыпты. Және сұлтанға маған осынша ақша, осынша кітабі бар кітапхана бер деп талап қойды. Сұлтан сөзден жеңіліп, лажсыздан оның айтқанына көне салды. Және сөз таласқанда оның бар уәзірі Әл-Фарабиден жеңіле берген екен.

Не себептен Бауыржан туындыларында мұң, негатив жоқ? Себебі көсем қайдағы бір сөздерді былшылдап тұра алмайды. Оған тірлік ету керек. Әрекет ету керек. Олай істемесе жауға жем болып қалады.

Оған қоса қазақтың өр мінез, көкірегі ояу ерлері ондай сөздерді көтере алмайды. Табысты еңбек еткен көсемдер негізінен позитивті болады, елмен бірге тірлік етеді. Кто виноват? Почему не сделали? Опять вы меня подвели деп отырған басшыны кім ұнатады? Елмен бірігіп көп тірлік істеймін деген адам Дінмұхаммед Қонаев сияқты көркем мінезге ие болуы керек. Қарамағындағы адамдарға жұмсақ болып, елдің қамын ойлап. Олай етпесе басшының тірлігі жемісті, билігі баянды болмайды.

Адам мына өмірге келген сон осы заманның қызығын көруі керек, барына разы болып, тәубе деп. Адамның нақ қазір басқан қадамы нық болуы үшін оның болашаққа деген сенімі берік болуы керек. Мен жасай аламын, менің қолымнан келеді деп шамасы жеткенше тірлік етуі қажет. Бауыржан айтқандай: «Өз елін сыйламау, оны мақтан етпеу – сатқындықтың белгісі». Мұңға толы кітаптерді оқымаңыз, мұңға толы кітапты оқып бақытты өмір сүре аламын деп ойламаңыз.

Біз жаспыз, біздің жеңістеріміз әлі алда, құдайға сеніп тірлік етсек, құдай бізді жарылқайды. Жүрегіміз таза, тірлігіміз хақ, еткен ісіміз адал болса, келген адамның қолынан қақпасақ құдай бізді жарылқайды.

Адам осы өмірге бақытты болуы үшін келеді, мұратына жету үшін келеді. Сондықтан сананы таза ұстаңыз, жақсы сөз айтыңыз, жақсы адамдармен бірге болыңыз.

Менің атам, менің әкем және мен

Марқұм атамның балалық шағы жиырмасыншы ғасырдың 20-30 жылдарына сай келді. Ата мен апалар не көрмеді десеңші?

Ашаршылық, жұт, репрессия, коллективизация, геноцид, соғыс...

Бірақ солай бола тұра атам ақ көңілді, мейірімді, өмірге разы болатын. Мені өзге немерелерінен артық сүйетіндіктен жиі маған ғана кәмпит, маған ғана тиын беретін. Және ескі арбасына мені салып шөп шабуға да әкететін. Атамның достары, құрдастары жол бойында кездестірілсе атам күлімсіреп, шың қуанып амандасып жататын. Олар да Алпысбай қалын қалай? Алпысбай саған рақмет! Балаларын қалай? Келін қаладан келді ме? Деп шың көңілмен, ақ ниетпен, халін қызығып сұрайтын. Кейбірі қасына келіп мохорқа бар ма деп те жататын. Не атамда жоқ болса өзі солардан сұрай қалатын. Табылса, махорканы газетке орап, тұтандырып, бірнеше шал бала сияқты мәз бола қалатын.

О кезде халық аз дүниеге де разы бола жүретін. Мысалы ауылдағы атамның кішкентай үйінде шамамен 8-10 адам қоңатын. Қонақ қоңса үй адамға лық толы бола қалатын. Апам «Көңіл сыйса орын табылар» деп бәріне разы болған. Бір рет атам жарты қап картопты арбаға тиеп әкеліпті. Оның біразін апам ашып, отқа, қытырлағы пайда болғанша қуырып, дастарқан жайып, бөлек отау құрған балалары мен көршілерін шақырды. Ұзақ дүкен құрып сол күні кешке шейін отырдық. Құдды тойдағы жұрт сияқты бәрі жарты қап картоп үшін баладай мәз бола қалған!

Тәңертен тұрғанда ата мен апа тұрғанымызға тәуба дейтін. Ас ішіп оған да шүкір деп. Кейде алақаның жайып бата айтатын. Атам қарның тойдырып жұмысқа баратын не үй тірілігімен асықпай айналысатын. Атам кейде көзілдірігін қолына алып кітап та оқитын. Сол жердегі оқыған дүниелерді басқаларға жыр боп айта отырып. Ол кезде интернет жоқ, радиода не бір қызықсыз жаңалықтар (опком мында

барды, министр анда барды дегендей) жиі айтылатын, телевидениеде де соншама қызықты бағдарлама болған жоқ оған қоса телевизор барлық үйдің төрінен табыла бермейтін. Кейде радиодан бір қызық өлең шырқалмаса, ол жерде де онша қызықты дүние жоқ еді. Сондықтан ауыл жұрты университетті бітірген адамды көрсе оны бір оқымысты сияқты санайтын. Кітап оқыған адамды жоғары бағалайтын. Бірақ ауыл жұрты өзі онша көп кітап оқымайтын, ауыл кітапханасы не бір роман, неше түрлі оқулықтарға лық толы болса да. Біздің ауыл қазақи болмысын әлі күнге шейін сақтап отыр. Халықтың көбі қазақ тілінде сайрап жүр. Ол ол ма, орысы да, немісі де, поляк пен кәрісі де қазақша сайрап сөйлейді. Тойда Шәмшінің өлеңдері орыс пен неміс қазақтан асып айтпаса кем айтпайтын.

Апам да атам сияқты азға қанағат ететін. Ыбырайдың «Мұнсыз адам» әңгімесіндегі кедей сияқты. Ата мен апам тату болған. Бірін-бірі кейде сағынып та отыратын. Атам қойға кетсе, жұмыстан сәл кешіксе шалым қайда жүр деп апам айтпаса да анда-санда есік жаққа қарап қоятын. Ол кездегі аталардың тағы бір игі қасиеті ол кішіпейіл болуында. Қай үйге мені атам жібермесе де ол жақтың шалдары мен сияқты баланы көрсе де ұшып тұратын. Далада көре жатса әй балам сен кімнің баласысын деп сұрайтын. Жауабына разы болса қолын жайып бата беретін. Олардың ыстық алақандарын, балаға деген жылу ниетін осы күнге шейін сезіп отырмын. Бір рет той болып ел жиналғанда бірін-бірі көрмеген жұрт анау қайда, бәленшенің баласы оқуға түсті ме, жұмыс тапты ма деп сұрағанда бір жас келін байқамай «бәленбай нағашының баласы қалаға барып алқаш болып қалды» дей салғанда еңесі жас әйелге бір рет қарады да анау өшіп қалды. Жаман сөзді ата мен апалар дер кезінде тыйып, күнәні (ислам қағидаттары бойынша жаман сөз айту түгіл, ойлаудың өзі күнә. Сенбесеңіз Пайғамбар жайлы хадистерді оқыңыз) еселемеді.

Осы, шамамен коллективизацияға дейін дүниеге келген ата мен апалардың мінезі, тірлігі, жүрісі, айтқан сөзі қазіргілерден біршама өзгеше. Олардың көбі Дінмұхаммед Қонаев пен Бауыржан Момыш-

ұлы сияқты кішіпейіл, қарапайым, сыпайы, мәдениетті болған. Егер сіз олардың кітаптарын оқысаңыз ол жерде еңбек ету бар, бірлік бар, тірлік бар, елмен бірігіп істеген не бір керемет ерлік бар, халыққа деген сүйіспеншілік бар және негативті бір тамшысы да жоқ. Өш пен кектің, мұн мен қайғының ізі де жоқ (көсем табысты тірлік ету үшін елмен бірге болуы керек, ал қарамағындағы жұрт жаман сөз мен сын айтуға бейім, ауыр міңезді бастықтарды онша жақтырмайды).

Ауылда өркениеттің керемет игіліктері жоқ болса да ол кезде ел бақытты болды. Барына разы болып, күліп, ойнап жүре беретін. Игілік дегендері, асфальт түгіл қиыршық тас та төселмеген шаңды жол, су даладағы колонкада, оны шелекпен не бакпен алып келесіз, газ балонымен сатылған. Телефон ауылдағы бастықтарда болмаса көбінде жоқ. Теледидар тым қымбат. Тоқ біреуде бар, оқшау жатқан ауылда жоқ. Кешке керосин май шамын жағып, үй іші соның айналасында топталып ата мен апалардың әңгімелерін тындап отыратын.

Ауылдағы жұрт ерекше еңбекқор болған. Таң атып сиыр сауып бар малын жайылымға жібереді. Одан кейін асықпай шай ішіп жұмысқа не үйдегі шаруаны жасауға кетеді. Мал бағу кезегі де бар. Егер кезек сіздің үйіңізге келсе балаңыз не әкеңіз ол малды күні бойы бағып жүреді, таңғы бесте атқа қонып ондаған шақырым жол жүріп, кешке ғана үйге келетін. Іші піскен адамдар ондайда қолына домбыра алып әндетіп жүретін. Ауылдағы ондай таланттардың кейбірінің дауысы, өнері, қазіргі халық артистерінен кем емес. Бірақ олар мен керемет ән айта аламын, эстрадаға барып барша қазаққа хит өлең шығарамын демейтін. Өз өнерін достар арасында, таныстарымен көңіл көтеріп кездескенде не ауылдағы тойда болмаса көп жерде білдірмейтін.

Атамның өзі кітапты көп оқығанмен оның замандастары арасында кітап оқу дәстүрі онша таралмаған еді. Олар кешке, біреудің үйінің маңына, өрістен қойды қарсы алатын жерде не той болып жатқан

аумақта жиналғанда көбіне сонау Нұх пайғамбар заманынан бастап ата-бабалары жайында не бір хикаяларды жиі айтатын.

Яғни аталар арасында негізінен ауыз әдебиеті шығармалары танымал болған, соларға қарап бойын түзеген, ол сөздердегі ойлар кең қолданыста болған, болмысы соған сай. Кейде жастар арасында жанжал басталса олар Төле би былай деді, Майқы би осылай айтқан деп ашуланған адамды жөнге салатын. Ол кезде ақсақалдың айтқан сөзі - заң. Жұрттың тындасқа амалы да жоқ. Жадында сақталғаны өңкей би, шешен, батыр, елге танымал қаһармандардың сөздері, оларға арнап кестелеп айтылған жырлары болған соң қалайша сондай адамды тындасқа? Қаншама мың жыл бойы қалыптасқан билердің ақылын қалайша жерге тастайсыз? Ондай кезде аталардың көзінде нұр сәулесі жанып тұратын. Қариялар роман оқымайтын. Оны керек етпейтін де сияқты. Себебі аталар өзге әдебиетті емес өз әдебиетін, өз ана тілін жоғары бағалаған. Әрбір ата қай рудан тарағаның, әулетте қандай батыр болғаның біліп отырған. Өз ауылының шежіресін жатқа айта алған. Сол арқылы не бір аласапыран жылдарда адасып кетпей, енсесі түсіп өмірге өкпелі бола қалмаған. Ескелді би айтқандай:

«Өзін-өзі білген ер бақытты,

Өзін-өзі билеген ел бақытты».

Ал әкемнің замандастары болса кітапті көп оқитын. Достоевскийдің мынандай романың оқыды ба? Толстойдың «Война и мир» кітабіндегі анандай кейіпкер саған ұнады ма? Оқысан оның тірлігін мақұл көресін бе? Демі бірінен-бірі жиі сұрайтын. Негізінен орыс әдебиетінің жазушыларын көп оқитын. Одан кейін пайда болған қазақ жазушыларының туындыларын да. Және көбіне тірлік жасаудан гөрі сөз жарыстыруды ұнататын. Баяғы қазақ «Көп сөз боқ сөз» деген жерде олар бірімен-бірі сөз айтыстыратын. Кейде сол үшін ұрысып, төбелесіп те кететін. Ал аталар арасында ұрысу түгіл біріне-бірі қатты сөз

айтпайтын, керісінше, көлдегі аққулар сияқты бірінің сөзін бірі қостап, бірінің тірлігін бірі қолдап отыратын, көрмей қалса сағынып жататын.

Әкем құрдастары тез ашуланатын, тез қуанатын, ал кейде ойламай сөйлеп те отыратын, ондайда төбелес пен жанжал да алыс емес. Аталардан бұндайды байқамадым. Өз бетімен оттап жатқан шалды ол заманда табу мүмкін емес. Бәрі ақырындап, көп ойлап, сөзді моңшақ сияқты теріп, жайлап сөйлейтін. Және керек кезде ғана сөйлейтін, керек кезде ғана елге ақыл айтатын, қалған уақытта күліп отыра беретін.

Осындай айырмашылық бір ұлт ішінде қалай пайда болды? Әке құрдастары еуропалық кітаптардан тәрбие алған, ал оларда сезімге берілу, жүректің ақылдан басым болу керек деген қағида бар.

Аталарда басымдылық жүрекке емес ақылға берілген. Сондықтан ғой тірлігі басқа еді. Қазақтың бес мың жылдық тарихында да ақыл басым екені бәрімізге аян, мысалы барлық дау бір сөзбен шешілетін. Кезінде өзі батыр, өзі би болған Бөлтірік шешен былай деген:

«Дүниеде азбайтын байлық біреу,
Ол-ақыл.
Дүниеде тозбайтын байлық біреу,
Ол-ақыл.
Дүниеде таймайтын адал қорғаушың біреу,
Ол-ақыл.
Дүниеде жарығы тұтас елге түсетін қасиетті шырақ біреу,
Ол-ақыл.
Дүниеде асыл текті жел жетпес пырақ біреу,
Ол-ақыл».

Оған қоса әкемнің замандастары орыс пен еуропалық дәстүрлерді қазақи болмыстан жоғары бағалайтын ба, әйтеуір театр десе, опера десе, роман десе көбінің көзі жайнап кететін. Оларға сол заманда, қазақи дәстүр, бидің айтқан дана сөзі, бір ескі, ендігі өмірде қажет бола

қалмайтын, шалдың жыртылып кеткен, үгітіліп қалған көне шапаны сияқты керексіз боп көрінген сияқты. Сәбеттік кезеңде прогресс, интернационал, еуропа, культура сияқты сөздер қазақи болмыстан артық болып қалғандай теледидар мен радиода, газет беттерінде жиі айтылатын. Қазақша сөйлейтін адамдарды қалада онша жақтырмайтын. Алматы қаласында сәбеттік өкіметтің арқасында бір ғана қазақи мектеп болған екен. Және 2000 жылдарының басына шейін қала халқы қазақша онша көп сөйлемейтін. Сөйлесен сені колхозник не ауылбайский деп кейде сөгетін.

Кейін жағдай кілт өзгерді. Городскойлардың тілімен айтсақ мен сияқты колхозниктар қалаға көптеп келіп тәртіпті өзгерте салды. Ауылдан келген қалын қазақтың арқасында қалада ана тілге деген құрмет жыл сайын емес, ай сайын есейіп жатты. Мысалы эстрадада соңғы 10-20 жыл ішінде пайда болған жаңа хиттердің бәрі қазақ тілінде. Оған дейін байлар әртістерді Ресейден жиі шақырып отыратын. Ал қазір ондай жағдай сиреп кетті. Айтыс болса күн сайын есейіп жатыр. Айтыс, көлік түгіл атпен оңай жете алмайтын жерде өтсе де, жұрт айтысты көру үшін лезде жинала салады. Бәйгеге көлік, пәтер тігіледі. Айтыскер бір күнде қымбат көлік ұтып алады. Ал театрда ондай тірлік байқалмайды. Мысалы сен Ромеоны жақсы сомдадың, сондықтан мә саған пәтер, үй дейтін жомарт адамды табу қиын. Соған қарап айтыс пен театрдың қазақ арасындағы қазіргі мәртебесін салыстыруға болады. Әкем кітапты көп оқитын. Және көбіне сол жерде айтылатын ойға, кейіпкердің істеген тірілігіне еліктеп те жата беретін. Сондықтан әкем және жалпы еуропалық, орыс романдарды оқыған басқа адамдар сияқты трагедия мен драмаға икемді болған. Түзу жерде сүрінуге, жоқ жерден жанжал шығаруға икемді болған. Неге десеңіз? Себебі ана романдарда солай жазылған, ана романдардағы мұн мен қайғы сау адамды біртіндеп мұнлы қылады.

Ауылдағы аталар ұйымшыл, еңбекқор болған. Біреудің үйі өртке оранып адам далада қалса, аталар елден жылу жинап, сол заттармен жастарды жиып, бәрі бірігіп асар жасап бір-ақ күнде үй соға салатын.

Адамды далада қалдырмай, балаларын қаңғыртпай. Мемлекет бізді ойламайды, бізге біреу көмек берсе екен деп қол қусырып отырмай, әрекет еткен.

Неге? Өйткені аталардың тәрбиесі, болмысы сонау сақ пен ғұн заманынан келе жатқан оң, позитивті ойлауға негізделген. «Жақсы сөз жарым ырыс» дегендей. Олардың ұстазы сөз атасы Майқы би, қаз дауысты Қазыбек би сияқты даналар. Батыр болған, шешен болған, би болған, ел бастаған көсемдердің айтқан сөздерін құлағымен естіп, миына тоқып отырған. Арыстаннан арыстан, жолбарыстан жолбарыс, батырдың ұрпағы да батыр болмай ма! Данадан дана туылмай ма!

Әкемнің замандастарына Еуропадан жеткен арақ, темекі, колиан керемет бір игілік боп көрінді. Ауылдан келген қазақтың қара домалақ баласына қаладағы біресе қызыл, біресе жасыл, біресе көк боп жанып тұрған сырахананың жарнамасы, ол жердің сұлу официант қыздары, өзіңше бір крутой боп отырған қымбат костюмы бар қонағы, ақшаны оңға-солға жіберіп отырған кедей студентті көру бір керемет игілік, керемет жетістік боп сияқты жатқандай еді. Ол жарық адасқан адамды тура жолға салатын шырақ емес, ол жарық сені аязды күні жылататын пештің оты да емес, ол сені өртейтін жарық, сенің түбіне жететін жарық, тозақ отының жарығы.

Оқу сәбеттік заманда тегін еді, емханада емделу де, үй алу да. Көбіне бір жерде екі не үш жыл жұмыс істесен саған мемлекет қаладан, ауылдан үй не пәтер бере қоятын. Мол заман еді. Шың коммунизм орын тепкен кезең сол заман шығар!

Менің заманым ондай емес! Тегін зат жоқ, саған дос болатын ел ағалары да жоқ. Керісінше бәрі миллион, үй миллион, пәтер миллион, көлік миллион, емделу миллион, оқу миллион, алатын жалақымыздан басқасының бәрі, бір бітпейтін көп миллион.

Бірақ мен білетін жастарда болашағым қандай болады? Ертең елімізбен не болады? Деген сұрақ жоқ. Өйткені «Заман түлкі болса тазы боп шал» дегені де бар емес пе. Демек әрекет ету керектігін бәріміз біліп отырмыз, білмесек сезіп жатырмыз. Көктен игілік түспесе де оған деген реңіш те жоқ. Себебі жастар арасында «Туғызамыз жауға заман ақыр» дегендей ойлар бар, біздің уақыт келеді деген ой да бар.

Ақынның сәнді өлеңіне, жазушының қалын кітабіне қарап осы даналық деп ойлап қоймандар. Қазіргі уақыт тірлік ету заманы. Құр былай істеу керек, мен оны баяғыда айттым деу жеткіліксіз. Сіз қандай тірлік жасасаңыз соған сай құрмет пен сыйлық аласыз. Бөгенбай батыр айтқандай «Не ексең соны орасын». Қазір ойласам сонау ата бабалардан қалған дана сөзден артық зат жоқ. Ол сөзден асқан асыл зат та жоқ. Маған алтың қымбат емес, бабаның сөзі қымбат. Өз басым болса мектепте әкем сияқты еуропалық дәстүрге салынып, қазақтың мұңлы ақын мен жазушыларын көп оқып, басыма нәубет түспесе де өзім біршама мұңлы боп кетіппін. Маған ол уақытта бәрі күмәнді, бәрі бұлыңғыр боп көрінетін. Мен ол кезде өмір сүрмегендей, уақытымды босқа өткізіп жатқандай болдым. Өмірде, маған жеңістен гөрі сәтсіздік жақын болғандай көрінді. Көбіне өзіме деген сенушілік те аз болған. Сондықтан басымнан бақ құсы ұшып кеткендей жолым онша табысты бола қоймады.

Кейін мектепті бітірген соң, мұңға толы сөздерді күнде естімеген соң біртіндеп оңала бастадым. Бірте бірте оң ойлау, әрекет ету, мұң мен қайғыдан азат болу дегені басталды. Есесіне мұңлы жолды қуып жатқан ақын мен жазушылардың трагикалық өмірін көргенбіз.

Мен болсам олар сияқты өмір сүргім келмейді. Абай, Шәкәрім, Мұқтар Ауэзов, Мұқағали Мақатаев сияқты мұңға батып өлгім келмейді. Қазір негативке берілу дұрыс тірлік деп те ойламаймын. Мен болмайтын идеологияның құрбаны болғым келмейді. Біреудің айтқанына сеніп

бағымды байлап, талай жылымды босқа кетіргім де келмейді. Өзімнің жалғыз өмірімді босқа өткізгім келмейді. Бір жақсы ақын айтқандай:

«Тұман, тұман, тұмандай тұмшалаған жүрегімде күмәндәй,
Сен де адасып жүрме екенсің өмірде,
Қалың тұман арасынан шыға алмай

Тұман, тұман, тұманды күн жылайды
Мұнар, мұнар жер мен аспан мұңайды
Жаным сені аңсап аңсап кеткенде
Маған осы тұманды күн ұнайды».

Өмір қысқа, біз Нұх пайғамбар сияқты тоғыз ғасыр жасамаймыз. Сондықтан әрбір күнімізді, әрбір сәтімізді бағалап өмір сүруіміз керек. Өзімізге пайдалы тірлікпен айналысып. Адам бақытты болу үшін, табысқа жету үшін бұл дүниеге келеді. Атам қазақ айтқандай «Жақсы сөз жарым ырыс». Мен елге мұң мен қайғы жіберейін деп отырған жоқпын, керісінше елге қуаныш, бақыт жолын нұсқап отырмын, бабалардың бес мың жылдық даналығын, оң позитивті ойлауды, жақсы сөз айтуды. Тағы бір рет қайталап қояйын, мен - ақын мен жазушыларды жамандап отырған жоқпын. Мен оларды аяп отырмын. Және оларға тура жолды сілтеп жатырмын. Ол жол Махамбеттің өлеңінде жазылған, Төле бидің баталарында айтылған, Асан Қайғының жырларында жырланған. Содан артық не бар?

Адамның өміріндегі бар қайғы мен мұн көбіне ойдан, санадан туындайды. Себебі санаға сай адам өзіне лайықты жол салады. Еуропалық әдебиеттің зиянды тұстары аз емес, мысалы қыздар жас кезінде неше түрлі жат елдің ертегілерін оқиды, мультфильмдерін көреді. Және сол ертегідегі керемет жігітті, принцті есейген кезде іздейді. Кейбірі соны таба алмай, талай жылдар бойы жалғыз жүріп те қалады. Өйткені ондай қыздар мой мужчина должен быть богатым, красивым, высоким, щедрым, из богатой семьи, культурным және тағы

сол сияқты не бір сирек кездесетін қасиеттерді бір адамның бойынан іздейді. Статистикаға сай, талай игі қасиеттерін бойында жинақтаған адамдар тым аз болады (мысалы жігіттердің 15% бай ал 10% ақылды болады деп санасақ, бай әрі ақылды жігіттердің үлесі бар жоғы $15\% \cdot 10\% / 100 = 1,5\%$ болады. Яғни қыз принцке неғұрлым көп талап қойса соғұрлым оны табу қиын болады). Бойдақ қыздардың, бойдақ жігіттерден әжептәуір көп болуының бір себебі осы. Қазақ айтқандай бір жігітке жеті қыз келеді. Себебі жігіттер, жар іздегенде принцессаны іздемейді, она должна быть богата, из влиятельной семьи, интелгентной, высокого роста демейді. Жігіт қызды ұнатса, сонысы көбіне отбасылы болуы үшін жеткілікті, қалғанына қарамайды. Сұлу сәнді емес, сүйген сәнді дегендей.

Мен қазақты мадақтап отырмын, елімді мақтан қыламын. Еліме күні қараңғы өмір лайықты деп ойламаймын, жұртқа нұрлы өмір лайықты деп санаймын. Қазақтың басынан талай жылдар бойы сейілмеген қара тұманды кетіргім келеді, елге нұрлы жолды нұсқағым келеді. «Іргелі ел болғын келсе бесігінді түзе» дегендей мына заманда табысты болғын келсе, бай боламын десен, сананды, ойынды түзе қазағым. Біздің бабаларымыз батыр сақ, ғұн, қаңлы, үйсін, түрік болғаның ұмытпайық. «Жақсы сөз жарым ырыс» дегендей оң, позитивті ойлап соларға сай әрекет етуіміз керек. Кешегі батыр қазақ сияқты бай боламыз десек, бақытты боламыз десек, солар сияқты оң, позитивті ойлауымыз керек. Тірлік жасамай, бірікпей бақытты әрі бай ел бола алмаймыз. Көне қазақ «Күніне жеті іргелі іс істемесең кемсін» деген екен.

Ақкөңілді қазаққа өзгені жамандаудың қандай күнә екенің түсіндіру үшін, елестеп, қазақ жерін тастап алыстағы Америкаға барайықшы, Америкада күн сайын өзге елді жамандайтын, өзгені сыңайтын неше түрлі ток-шоу бар. Ирак, Иран, Ауғанстан мен Сирия сияқтыларды қанша жыл бойы сынап жатыр. Қаншама жыл бойы жамандап жатыр. Сенің, екі мұхит пен үш материктің ар жағында жатқан елде ненің бар? Махамбет айтқандай әкенің құны бар ма? Бірақ сан жыл бойы сондай жаман сөз айтылған соң, халық арасында оларға өшпенділік пайда

болған соң, соғыс та бір рет емес, сан мәрте болыпты. Ол жерде талай мың, көп миллион адам мерт болды, арасында америкалықтар да аз емес. Жазығы жоқ адамдардың жоқ себеппен қырылуы кімге тиімді? Пайғамбар мен әулиеге ме? Не періште мен құдайға ма? Кімге?

Қазақ неше мың жылдық дәстүрдің арқасында оң, позитивті ойлауға бейім боп тұр, мысалы эстрадада өңкей көңілді әндер хит болып жатыр, ал кинематографта тек комедия ғана касса жинайды екен. Драма, трагедия дегенді қазақ кинотеатрда қарамайды. Осыған қарап-ақ қазаққа қандай оқулықтар керек екенің аңғару қиын емес. Қазаққа жақсы сөзі бар, жастарды жігерлендіретін, тәрбие беретін, көңілін көтеретін оқулықтар керек.

Рас, бізде керемет күш жоқ сияқты деп біреу айтатын шығар, басқасында мына күнгі кризис ешқашан бітпейді деген ой да бар шығар. Бірақ елге ойран салған жоңғардың «Ақтабан шұбырынды» заманы да кезінде көп адамға солай көрінген. Ол нәубет заман - күш пен жігер біріктірілгенде, жұрт есің жиып елін тапқанда, ел ақылды сөзге тоқталғанда, жастар қолына қару алып елді қорғай бастағанда, ақылды адам ақымаққа сенуді қойғанда аяқталған екен, аспандағы қара бұлт сияқты сейіліп, адамның нашар түсі сияқты ұмытылып кетіпті. Адам жарқын болашаққа сену керек. Жәнібек Ленонбеков айтқандай - «Imagine!».

Батыр қазақ елі мұңға толы идеологиядан, нашар сөзден арылса алынбайтын қамал, бағынбайтын асу жоқ. Кешегі сақ пен ғұн сияқты болу үшін, солар сияқты оң, позитивті ойлауымыз керек. Мен жасай аламын, менің қолымнан келеді деп, тірлік етіп, барына разы болып, құдайға лайықты тірлік жасап.

Қорытындылай келе өзім мұңға толы идеологиядан арылып, санамды тазартып, «матрицадан» шығып атамның жолын тандадым деп осы еңбегімді аяқтаймын.